Мақсаты: а) қылқаламмен таныстыру, сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіруді үйрету;

ә) қылқалам мен бояуды пайдаланып жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, қолдың қимыл қозғалысын дамыту;

б) ұқыпты жұмыс істей білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: қызыл, қоңыр гуашь бояу, сары түске боялған қағаз, қылқалам, су, сүрткіш, демонстрациялық материалдар.

Оқу қызметінің барысы:

Балалар, бүгін бізге Айсұлу деген қуыршақ қонаққа келіпті. Ол күзгі орманды аралап жапырақ жинап жүріп, қолындағы себетін бір жерге қойып кетіпті де, оны қайтадан таба алмай қалыпты. Сендер оның себетін көрді ме екен деп сұрау үшін келіпті. Естеріңе түсіріңдерші, себетті біз қайдан көрдік? (егер балалар жауабын тауып айтпаса, тәрбиеші өзі айтады.) Мынау ма?

Қуыршақ қуанып: Иә, осы, қандай жақсы болды, рахмет сендерге. Қуыршақ: Балалар, мен сендерге сурет алып келдім. Жапырақтар түсіп жатқаны бейнеленген үлгі суретті көрсетеді.

Балалар тыңдайды.

Жпырақтар жерге көп түсіп жатқанын, ағаштың басында өз қалғанын айтады.

Ұйымдастырушылық ізденуші

Біз бүгін қылқаламмен саламыз. Қылқаламмен таныстырады. Қылқалам деп аталуының өзіндік себебі бар. Өйткені оның бас жағы қылдан жасалған. Ол өте жұмсақ. Өздерің алақандарыңа сүйкеп көріндерші, жұп-жұмсақ. Қылдан жасалған шашақтар темірмен оралып, ағашқа бекітілген. Қылқаламды дұрыс ұстау үшін темір бөлігінен ағаш бөлігіне дейінгі тұсты үш саусақтың арасына қатты майыстырмай ұстау керек.

Кәне, қылқаламды қолға алып, қызыл, сары, қоңыр бояуға батырып аламыз да, былай сүйкей жағамыз. Балалардың жұмыстарын Айсұлу аралап көреді. Аяқталған жұмыстарды тәрбиеші жинап алып тақтаға іледі.

Ал, енді қазір бәріміз бірігіп ойын ойнасақ қайтеді.

Рефлексиялы түзету кезеңі

Балалардың жасаған жұмыстарын мадақтайды, арнайы жасалған себеттің суретін балаларға үлестіреді.

Балалар өздерінің салған суреттерін тамашалайды.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: қылқаламмен күзгі жапырақтардың ерекшеліктері жайлы қарапайым түсініктерді.

Түсінеді: қылқаламмен, бояумен қағаз бетіне жапырақтардың суретін салуды.

Қолданады: ұқыпты жұмыс істей білуді.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

9. Күні: 21.10.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Жомарт күз:Қызыл, сары жапырақтар»

Мақсаты: Ата-аналармен бірлесе отырып алақан арқылы жапырақтың бейнесін салуды үйрету;

ә/ негізгі түстер туралы білімдерін бекіту;

б/ балаларды алақанмен сурет салуда ұқыптылыққа, тазалық сақтай білуге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: алақан арқылы сурет салу, ойын

Көрнекілігі: демонстрациялық материалдар.

Қажетті құрал-жабдықтар: түрлі түсті қағаздан жасалған сары, қызыл жапырақтар, қызыл, сары гуашь бояулар, №4 қылқалам, дымқыл қол сүрткіштер.

Оқу қызметінің барысы:

Тәрбиеші балаларға бүгін бірнеше ата-аналардың қонаққа келгендігі жайлы хабарлайды. Олардың балаларға арнап қызықты ойын ала келгендігі және алақан арқылы сурет салуға көмектесетіндерін айтады.

Балалардың қызығушылығы оянады.

Ұйымдастырушылық ізденуші

Тәрбиеші аналарының алып келген жапырақтарын көрсетеді. Мына жапырақтарға қарандаршы түстері қандай керемет. Балалардан олардың түстерін сұрайды. Мынау – сары, мынау-қызыл, ал мынау- қызғылт сары жапырақтар. Кәнекей, бәріміз бірге қайталайықшы. Балалармен бірге бірнеше рет қайталайды. Күз мезгілінде жапырақтар түсінің өзгеретінін түсіндіріп өтеді. Сендердің аналарың көңілдене соққан жел болады. Сендер күзгі жапырақтар боласындар. Балалармен ата-аналарына өлең жолдарына сәйкес қимылдар жасатады.

Сергіту сәті:

Жел соқты, жел соқты, ағаштар желмен шайқалды. жел соқты, жел соқты, жапырақ түскен байқалды.

–Балалар жапырақтар қандай әдемі болып ұшып жатыр, олар неткен көп. Бейне бір жерге әдемі кілем төсеп қойғандай. Ендеше, осындай әдемі қызғылт сары жапырақтардың суретін алақан арқылы салып көрейік. (аналары балаларының жанындағы орындыққа отырады.)

-Міне, мынау – сары, қызыл бояулар. Бір алақандарыңды сары бояуға батырып, таза қағаз бетіне бірнеше жапырақтардың бейнесін салындар.

Рефлексиялы түзету кезеңі

Тәрбиеші балалардың аналарының көмегімен алақан арқылы салған түрлі жапырақтар суреті жайлы әңгімелеп, мадақтап, көрме ұйымдастырады.

Балалар өздері салған жұмыстарын қызықтайды.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: күзгі жапырақтардың түсінің өзгеретінін

Түсінеді: алақан арқылы күзгі жапырақтардың суретін салуды

Менгерген дағдылары мен іскеріктері: ұқыпты жұмыс істей білу дағдыларын

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

10. Күні: 28.10.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы:«Түрлі- түсті жіптер»

Мақсаты: Фломастерді дұрыс пайдалана отырып ирек сызықтар сызуға үйрету.

Саусақтарының бұлшықеттерін дамыту, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: 3 түсті фломастерлер, 3 түсті жіптер, әр балаға арналған жіптердің суреті салынған парақтар, дымқыл қол сүрткіштер.

Оқу қызметінің барысы:

Балалар,»жіптер әлемі» сендерге түрлі-түсті әдемі жіптерін қонаққа жіберіпті.

(қолындағы жіптерді балаларға таратып береді) қандай жұмсақ,түстері қандай әдемі.

Жіптерді ұстап көріңдер.

Жіптерге қызығушылықпен қарап,қолдарымен жіпті ұстап көреді.

Ұйымдастырушылық ізденуші

Қолдарындағы жіпті тарқатып,қайтадан орауларын ұсынады. Фломастермен таныстырып,жіптің суретін салатыны туралы хабарлайды. Үлі суретті көрсетеді.салу әдісін түсіндіреді.Балалармен бірге бірнеше рет ауада сызықтар сызып, жаттығу жасап көреді.

Сергіту сәті:

Кәне жіпті орайық,

Енді шешіп көрейік. Қайта орап жіптерді, Тағы шешіп көрейік. Алдымен саусақтарымен ауада салғызып сонан кейін, үлгіге қарап жұмысты бастатады. Жұмыс барысында балалардың өз алдына жеке әрекеті мен белсенділігіне қолдау көрсетіледі.

«Жіптер әлемінен» келген жіптер балаларға алғысын айтып қоштасады.

Қолдарындағы жіпті тарқатып,қайтадан орауға тырысады.

Фломастермен танысады.

Үлгі суретке мұқият зер салады.

Саусақтарымен ауада сызықтар сызады.

Өлең жолдарына сәйкес қимылдар жасайды.

Фломастерлерді алып,тәрбиешінің нұсқауымен қисық сызықтар сызады.

Жіптермен қоштасады

Рефлексиялы түзету кезеңі

Балалардың салған сурттерінен көрме ұйымдастырылады,жақсы салғандарын мадақтап,жұмысты қорытындылайды.

Өздерінің жұмыстарын көрмеге қояды. Қуанады.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: фломастерді пайдаланып,сызықтарды дұрыс сыза білу

Түсінеді: түстерді таңдай білуді,оларды ауыстырып қолдануды

Қолданады: үлгі бойынша ирек сызықтарды сызу әдісін

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

11. Күні: 04.11.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: Әжемнің жіп шумақтары .

Мақсаты: балаларды түрлі түсті фломастерлермен жіп ораманың суретін салуға, фломастерді қатты қыспай, қағаздың ортасынан бір нүктені белгілеп, сол жағынан жоғарыдан бастап қолды үзбей дөңгелетіп салуды үйрету. Балалардың қол қимылдарының қозғалысын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: демонстрациялық материалдар.

Қажетті құрал-жабдықтар: әртүрлі жіп орамдары, әр балаға бір-бірден сары қағаз, фломастерлер.

Оқу қызметінің барысы:

Айсұлудың үйдегі мысығы ойнап, әжесінің шіп шумақтарын тарқатып тастапты.

Айсұлу сендерден сол жіп шумақтарын орауға көмек сұрай келіпті.

Тәрбиеші өткенде әдемі жіп шумақтарын суретін салған едік балалардың есіне түсіреді.

Сол сияқты жіп шумақтарының суретін салып беремізбе Айсұлуға

Балалар ынта қойып тыңдайды. Балалар есіне түсіреді.

Ізденіс-Ұйымдастырушылық

«Жіп орамы» ойыны.

Ойынның шарты: Балаларға себеттегі тарқатылған жіптерді беріп орату. Жіпті орап болған балалар жіптің түсін атап, себетке салады.

-Балалар, енді әже сендердің ақылды, епті екендерінді білетін болады.

Сергіті сәті:

Бір дегенде орнымыздан тұрайық

Қолымызға жіпті ұстап алайық

Екі үш рет жібімізді орайық

Қайта барып орнымызды табайық. Айсұлу сендердің суретті жақсы салатындарыңды жақсы біледі. Сондықтан сендерден жіп орамының суретін салып берулерінді сұрайды.

Ол үшін ауада бірнеше рет жаттығу жасайды. Қарандаштарды алып , бір нүктеден бастап, үзбей сызық сызуға жаттығады. Тәрбиеші балаларға сол жақтан оң жағынан жоғарыдан төмен қарай бір нүкте бергілеп, қолды үзбей дөңгелетіп, жіп орамын салу керектігін көрсетіп отырады.

Рефлексивті –коррективтік

Тәрбиеші балалардың жасаған жұмыстарынан көрме жасайды.

Балалар өздерінің жұмыстарын қарап тамашалайды.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: Жіптің орау арқылы жиналатынын.

Болуы қажет: Жіптердің түстері әр түрлі болатынын.

Жасай алады: Жіп орамының суретін қағаз бетіне бір нүктеден бастап қолын үзбей салу.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Күні, айы, жылы _____

12. Күні: 11.11.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Теңіздер мен мұхиттар. Балықтар жүзеді»

Мақсаты: Езілген бояуды жүргізу арқылы қағаз бетін толық бояуға үйрету.

Қылқаламмен жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Бояумен ұқыпты жұмыс жасауға, тазалық сақтай білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Әр балаға түрлі-түсті майлы қарындаштың көмегімен салынған балық бейнесі бар парақтар, көгілдір бояу, қылқалам, қол сүрткіштер, су.

Оқу қызметінің барысы:

Тәрбиеші балаларға қағаз бетіне салынған балықтың суретін көрсетеді. Мынау-аквариум, мұнда балықтар өмір сүреді. Балаларға келесі жұмбақтың шешуін табуды ұсынады:

қызыл түсті,

мөлдір сулы.

Сары түсті,

тасты, құмды.

Жасыл түсті балықтар, әйнек үйде қалықтар.

Ол не, балалар?

Өлең сөзінің мағынасын түсіндіріп, тәрбиеші өзі шешуін айтады.

Балалар назарын суретке аударады.

Ол аквариум

Ұйымдастырушылық ізденуші

-Сендер балықты қайдан көрдіңдер?

-Балалар, бізде көптеген аквариумдар бар, сендер өздеріңе ұнаған аквариумды таңдап алып, оған судың суретін салыңдар. Ұнаған бояуларыңмен қағаз бетін түгелімен бояйсыңдар. Тәрбиеші аквариумды бояудың жолдарын көрсетеді.

Сергіту сәті:

Өзенге біз барайық,

Балық аулап алайық.

Ұстап алған балықты,

Аквариумға салайық.(Ф.Н)

Рефлексиялы түзету кезеңі

Тәрбиеші балалардың жұмыстарын талқылап, аквариумдағы балықтардың көңілдері көтерілгенін айтады.

Балалар өз жұмыстарын тамашалайды.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: балықтардың үй жағдайында аквариумда өмір сүретінін.

Түсінеді: қылқаламды дұрыс ұстауды, ұқыпты бояй білуді, ептілікті, икемділікті.

Қолданады: түрлі-түсті бояу арқылы суды көлденең бояп салуды.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

13. Күні: 18.11.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Ғарышқа саяхат. Әуе шарлар»

Мақсаты: Қарындашты үш саусағымен дұрыс ұстай отырып, ирек сызықтар салу дағдысын бекіту. Саусақ икемділіктерін дамыту, балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: түрлі- түсті қарындаштар, үлестірмелі материалдар, қол сүрткіштер. Демонстрациялық материалдар.

Оқу қызметінің барысы:

Балалар, мен сендерге асығып келе жатып жолда көңілсіз тұрған қоянды көрдім. Тәрбиеші осыны айтып жатқанда қоян келіп кіреді.

Балалар

қызығушылықпен тыңдайды.

Ұйымдастырушылық ізденуші

-Қоян, саған не болды? Сен неге көңілсізсің?

-Өзімнің балабақшадағы достарыма сендерге шарлар сыйлайын деп келе жатыр едім, қатты жел соғып, шарлардың жібі болмағандықтан жел ұшырып алып кетті. Сендер сол шарларды көрмедіңдер ме?

Тәрбиеші балаларға қоянға көмектесу керектігі жайлы айтып, шардың түсі, пішіні қандай екені жайлы әңгімелеседі. Тәрбиеші балалардың алдарындағы шарлар салынған қағазға көңіл аударуларын өтініп, осы шарлардың өз түстеріне сәйкес жіптерін үлгі сурет бойынша ирек сызықтар арқылы қалай салуға болатынын түсіндіріп көрсетеді.

«Әуе шарларын ұшырамыз» қимылды ойыны. Балалардан қандай түсті қарындашты пайдаланғандарын және шарларының қандай түсті екенін сұрау. Балалар салған суреттерін қоянға көрсетеді. Қоян балалардың салып берген суреттері өте әдемі екенін айтып, алғысын білдіріп қоштасады.

Балалар таңдана қарайды.

Балалар тәрбиешінің нұсқауы бойынша шардың аузын байлайтын әртүрлі жіптерді немесе ирек сызықтарды сызады.

Балалар өздерінің қандай қарындашпен жұмыс жасағандары жайлы әңгімелейді.

Салған суреттерін тамашалайды.

Рефлексиялы түзету кезеңі

Балалардың сурет салу барысындағы іс-әрекетіне басшылық жасап, бағыт-бағдар беріп, жасаған жұмыстарын мадақтайды.

Балалар өздерінің және бір-бірлерінің жұмыстарын қарап көреді.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: шардың жеңіл, салмақсыз болатындығын.

Түсінеді: қарындашты дұрыс ұстап жұмыс жасауды.

Қолданады: қарындашпен ирек сызықтар сызу дағдысын.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

14. Күні: 25.11.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Жапалақтап қар жауды»

Мақсаты: Саусақ арқылы қардың бейнесін салуды үйрету, саусақтардың бұлшықеттерін дамыту, бояумен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: әр балаға бір-бірден көгілдір түспен боялған парақтар, ақ гуашь, су, қол сүрткіштер, демонстрациялық материалдар.

Оқу қызметінің барысы:

Балалар, қараңдаршы, бір ғажайыптың күшімен біз қысқы орманда саяхатта жүргендейміз. Орман қандай әдемі күйге енген, ағаштардың бәрін қар басып, жердегі ақ ұлпа қар күн сәулесіне шағылысады.

-Мұнда қар жауып тұрған сияқты ғой. Қыста көптеген аңдар қысқы ұйқыға кетеді. Олар қардың жауғанын көрмейді. Біз оларға қыстан естелік ретінде қардың қалай жауатынын көрсетіп, сурет салып берейік. Бүгін ақ гуашьты пайдаланып, саусақ арқылы жауып тұрған қардың суретін саламыз. Тәрбиеші сурет салу жолдарын көрсетеді. Балалар сұқ саусақтарын ақ бояуға батырып, онымен қағаздың бетіне дақ түсіреді. Тәрбиеші жапалақтап бейнелеуді талап етеді.

Тақтадағы қыс табиғатын бейнелейтін суреттерге, алдарындағы қолдан жасалған қарларға көңіл аударады.

Ұйымдастырушылық ізденуші

Тәрбиеші балаларға алдарындағы көк парақтың бетін толығымен пайдалану керектігін және жұмыс соңынан балалар қолдарын жауып тазалауды керектігін ескертеді.

Тәрбиеші осы салған суреттерін қысқы ұйқыға кететін жануарларға сыйлайтынын айтып, жұмыстарын жинап алады да, ойын ұйымдастырады.

«Кім алысқа лақтырады?» ойыны. *Шарты:* Мақтадан жасалған қарларды лақтырып, қағып алып ойнайды. Тәрбиеші кімнің алысқа лақтырғанын бақылап тұрып, ойын қорытындысын шығарады.

Балалар тәрбиешінің көрсетуімен сұқ саусақтарын ақ гуашьқа салып, көк парақтың бетіне жауып тұрған қарды бейнелейді.

Балалар салған суреттерін тәрбиешіге жинап береді.

Ойынды қызығушылықпен ойнайды.

Рефлексиялы түзету кезеңі

Салған суреттерінен көрме ұйымдастырады. Жақсы шыққан сурет иелерін мадақтайды. Өздерінің жұмыстарын зер сала қарайды.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: қыс мезгілінде қардың жапалақтап жауатынын, қардың пайдасын.

Түсінеді: қыста қар жауып, адамдар тіршілігіне өзіндік өзгерістер әкелетінін.

Қолданады: қарды саусақ ұшымен, кеңістікті бағдарлай отырып бейнелеуді.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

15. Күні: 02.12.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Ақ ұлпа қарлар»

Мақсаты: Бояуды сүйкей жағу тәсілі арқылы жіңішке сызықтар түсіре отырып, жауып тұрған ұлпа қардың бейнесін салуға үйрету. Сурет салу іскерліктерін дамыту, табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.

Көрнекілігі: ақ түсті гуашь, жіңішке қылқаламдар, әр балаға көк түспен боялған қағаздар, қол сұрткіштер, су. Демонстрациялық материал.

Оқу қызметінің барысы:-

Балалар, бүгін далада қар жауып тұрғанын байқадыңдар ма?

-Сендердің ойыншықтарың да қардың жауып тұрғанын көргілері келеді, не істесек екен? Ендеше, балалар, біз ойыншықтарға жауып тұрған ақ үлпілдек қардың суретін қылқаламның көмегімен салып берейік.

Балалар қардың жауып тұрғаны жайлы, өздерінің көргендерін айтады.

Ұйымдастырушылық ізденуші

-Терезеден жан-жақтарына, үйлердің төбесіне, ағаштарға, жолдарға қарасандар, барлығы ақ ұлпа қар жамылған.

-Қардың түсі қандай?

-Қарды тағы қандай деп айтуға болады?

Сергіту сәті:

Аппақ, аппақ дала,

Аппақ ауыл, қала

Жапалақтап ақша қар,

Жауа берсің, жауа

Тәрбиеші көлденең және түзу сызықтар салуға қиналған балаларға көмектесіп, бағыт-бағдар береді. Жұмыстарын аяқтаған соң, көрме ұйымдастырады.

Терезеден далаға көз тастап қарайды.

Аппақ

Мамықтай ұлпа, жұмсақ

Балалар тәрбиешінің көмегімен түзу, көлденең, қиғаш бірнеше сызықтар жүргізу арқылы қардың бейнесін салады.

Рефлексиялы түзету кезеңі

Тәрбиеші балаларға «Кішкентай суретшілер» деген ат беріп, жасаған жұмыстарының сәтті шыққанын, ойыншықтардың қуанғанын хабарлап, олардың атынан алғыс айтады.

Балалар салған суреттеріне мұқият қарайды.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: қардың аппақ, мамықтай ұлпа екенін, жапалақтап жауатынын.

Түсінеді: қыс мезгілінде қардың түрлі қалыпта жауатынын.

Қолданады: қысқа түзу, көлденең, қиғаш сызықтарды сызу арқылы қардың бейнесін салуды.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

16. Күні: 09.12.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Шырша шамдарын жағамыз»

Мақсаты: Жаңа жыл мейрамына байланысты кешті еске түсіре отырып берілген суретті жалғастырып саусақтарымен таяқшаға оралған мақтамен сурет салуға үйрету. Саусақтарының икемділіктерін арттыру, сурет салуға деген қызығушылық сезімдерін тәрбиелеу.

Көрнекілігі: түрлі-түсті бояулар, әр балаға арналған таяқшаға оралған мақта, үлестірмелі материалдағы фон, қол сұрткіштер, су.

Оқу қызметінің барысы:

-Балалар, сендерге Жаңа жыл мейрамындағы шырша ұнады ма? Ал сол мейрамдағы ойыншықтар ұнады ма?

Міне, сол сендерге ұнаған ойыншықтар ойын бұрышында Жаңа жыл мерекесін өткіземіз деп шешіпті. Аққала орманда жүріп, Жаңа жыл мерекесіне кешігіп қалыпты. Жарқыраған шамдары мен ойыншықтары бар шыршаны тамашалай алмай қалыпты. Сол әдемі шыршаны көргісі келеді, сондықтан сендерден мына жасыл шыршаны әдемі ойыншықтармен безендіріп беруді сұрайды. Көмектесеміз бе, балалар? Балалар Жаңа жыл мейрамында не көргендері, не ұнағандары жарайды әңгімелеп береді. көмектесеміз

Ұйымдастырушылық ізденуші

-Сендер Жаңа жылдық қандай ойыншықтарды жақсы көресіңдер? Аққала да өзінің шыршасын әдемі ойыншықтармен безендіргісі келеді. Алдарындағы қағазда әдемі Жаңа жыл шыршасы бейнеленген. Саусақты, таяқшаға оралған мақтаны (бастырма, поролон) әртүрлі бояуларға батырып алып, осы шыршаға арналған ойыншықтарды бейнелейміз. Жұмыс соңында суреттерін жинап алып. Аққалаға беріп жібереді. Балалар суреттерін салып болған соң мынадай өлең жолдарымен аяқтайды:

Тамаша, тамаша!

Шыршамыз тұр жараса.

Басында әсем жұлдызы,

Көз тоймайды қараса

Рефлексиялы түзету кезеңі

Аққаланың балалар салған суреттерге қатты қуанып, өзін Жаңа жыл кешінде жүргендей сезінетінін айтты.

Балалар жұмыстарының сәтті шаққынанын қуанады.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: қыс мезгілінде Жаңа жыл мейрамының болатынын

Түсінеді : ойыншықтармен шыршаны безендіруге болатындығын

Қолданады: саусақ және таяқшаға оралған мақтаны пайдаланып ойыншықтарды салуды.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

17. Күні: 23.12.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Қардағы іздер»

Мақсаты: Қағазға саусақпен дақ түсіруді үйретуді жалғастыру, бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, жануарлардың қимыл-қозғалысын және іздерін қарға түсіріп жаттығу, саусақтарының бұлшықеттерін дамыту. Табиғаттың әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: ақ қағаз, қоңыр, көк түсті бояу (гуашь) қылқалам, ойыншық аңдар

Оқу қызметінің барысы:

Тәрбиеші серуен кезінде қардағы адамдардың, ит- құстардың іздерін көріп бақылағандарын және өздері де қарға із түсіріп көргендерін еске түсіреді. Аюдың қорбаңдап жүретінін, қоянның секіріп жүретінін, құстардың жем шоқып жегенін әңгімелейді.

Балалар алдын ала бақылау кезінде көргендерін естеріңе түсіреді. Әңгімелеп береді.

Ұйымдастырушылық ізденуші

Міне, сендердің алдарында ақ қағаз, сендер оны «қар жамылған дала» деп елестетіндер.

Ақ қарға ешқандай із түспеген, әлі ешкім де, еш нәрсе де жүрмеген. Осы ақ қардың үстіне бояумен із түсіріп көрейік. Енді мына қоянға көмектесейік, ол қарда қалай жүгіреді екен? Ақ қағазға бояумен із түсіріп көрсетеді. Бұл ненің ізіне ұқсайды?

Мына ойыншықтарды қағаз бетіне жүргізіп көріңдерші.

Балалардың жұмыс барысында ұқыпты жұмыс істеулері қадағаланады. Енді орнымызға отырып, қылқаламның ұшын қатты баспай, кішкене –кішкене дақтар түсіре отырып қоянның ізін саламыз. Тәрбиеші қылқаламды кез келген бояуға батырып, оның ұшын ғана қағазға тигізу арқылы қоянның ізін қалай салуға болатынын, қағаз бетіне дақ түсірудің жолдарын көрсетеді. Қоян секіріп –секіріп жүретіндіктен, арасын алшақ немесе жақын да орналастыруға болады. «Іздер», «дақ түсіру» сөздеріне түсініктеме беру үшін сөздік жұмыс жүргізіледі. Балалар, енді музыка әуенімен аңдардың қимыл-қозғалысын қайталап көрейікші.

Балалар жұмыстарын аяқтап, орындарынан тұрып, музыка әуенімен аңдардың қимыл-қозғалысын қайталап көрсетеді.

Рефлексиялы түзету кезеңі

Кейбір балаларға жеке нұсқаулар беріледі. Басшылық жасалып, жақсы жұмыстар мадақталып, іс-әрекет барысы қорытындылады.

«Қояным» ойынын ойнайды.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: қыста қарда оның үстімен жүріп өткен адамдардың, аңдардың іздері қалатынын.

Түсінеді: аңдар туралы қарапайым түсініктерді.

Қолданады: қағазға қылқаламмен дақ түсіре білуді, бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

18. Күні: 30.12.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Мұз сүңгілері»

Мақсаты: Үзік сызықты сыздырта отырып кеңістікті бағдарлай білуге үйрету, баланың қиялын дамыту, табиғаттың ерекшелігін сезіне білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: әр балаға сүңгінің суреті салынған парақтар, қылқаламдар,көк бояу, су, қол сүрткіштер.

Оқу қызметінің барысы:

Тәрбиеші балаларды ертеңгілік шаттық шеңберіне тұрғызады. Балалар дөңгеленіп тұрғанда неге ұқсайтындарын және күннің қандай пайдасы бар екенін сұрай отырып, бір-біріне жылы тілектер айтқызады. Тәрбиеші қыстың ашық күндері күн сәулесімен үйлердің төбелеріндегі қар еріп, содан кешке қарай күн қайта суытқанда мұз сүңгілері пайда болатынын, балаларға терезеден қарап көруге болатынын айтады. Балаларға бәрі бірге Мұздар әлеміне саяхатқа барып, су тамшылары суретін қылқаламның көмегімен салатынын түсіндіреді.

Балалар бір-бірімен сәлемдеседі.

Ұйымдастырушылық ізденуші

Осы кезде есік қағылып, топқа «Қылқалам» кіреді. Ол балалармен амандасып, олармен бірге Мұздар әлеміне саяхатқа барғысы келетінін айтады. Балалардан көздерін жұмуды сұрайды, сол кезде тақтаға мұз сүңгісі салынған сурет ілінеді.

Сергіту сәті.

Күн шуағы жарқырап,

Бізге жылу төгеді

Жылынамыз бой жазып,

Күлімдесіп төс қағып

Бір-бірімізге иіліп,

Сәлемдесіп қол созып.

«Қылқалам» өзінің көмегімен мұз сүңгілерінен күн жылынғанда су тамшыларының қалай пайда болатынын түсіндіреді, сол тамшылар суретін салуларын өтінеді.

«Қандай түс?» дидактикалық ойын. Шарты: Түрлі –түсті ойыншықтарды көрсете отырып, олардың түстерін сұрайды.

Рефлексиялы түзету кезеңі

«Қылқалам» жас суретшілерді мадақтайды. Балалар салған суреттерден көрме ұйымдастырады.

Көңіл күйлері көтеріледі.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: мұз сүңгілері күн жылынғанда мұз еруі салдарынан пайда болатынын

Түсінеді: мұз сүңгілерінің қыс, көктем мезгілдерінде пайда болатынын

Қолданады: су тамшыларын жоғарыдан төмен қарай қағаз бетін толық пайдалана отырып салуды.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

19. Күні: 06.01.2022ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Мұржаның түтіні будақтайды»

Мақсаты: Қыс мезгілі ерекшелігін түсіндіру, қарындашпен үзбей ирек сызықтар салу дағдыларын қалыптастыру, саусақтарының қозғалыстарын және икемділігін дамыту.

Өсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: әр балаға бір-бірден үйдің суреті салынған парақтар, түрлі –түсті қарындаштар, қол сүрткіш.

Оқу қызметінің барысы:

Балалар, қыс мезгілінде ауылға барғандарың бар ма? Ауылда не байқадыңдар? Сендер қандай үйде тұрасыңдар? Ал ауылдағылар ше?

Тәрбиеші ауылда және жер үйде тұратын адамдар қыс мезгілінде пеш жағып, үйді жылытатыны туралы әңгімелейді. Қаладағы үлкен өндіріс орындары трубаларынан түтін шығып жатқанын көргендерің бар ма? Мұндай сұрақтарға жауап беру үшін алдын ала бақылау жұмыстарын жасатады.

Балалар ауылға барғанда не байқағандары жайлы және өздері тұратын үйлері жайлы әңгімелейді.

Тәрбиешінің әңгімесін қызығушылықпен тыңдайды.

Ұйымдастырушылық ізденуші

Балалар, сендердің ойыншықтарың қыс мезгілінде далаға көп шықпайды, сондықтан да мұржадан түтіннің қалай шығатынын білмейді. Осы көріністің қандай болатынын білу үшін сендерден мұржадан шығып тұрған түтіннің суретін салып беруді өтінеді.

Тәрбиеші балаларға түтінді салу жолдарын көрсетеді де, алдарында тұрған парақтағы суреттегі үйдің мұржасынан шыққан түтінді қарындашпен ирек сызықтар сызу арқылы салуды сұрайды. Ол үшін алдымен қарындаштарыңды оң қолдарына аламыз. Біз түзу сызықтарды сызуды үйрендік, енді ирек сызықтар салуды үйренеміз. Ирек сызықты ауада өзі сызып салып көрсетеді, балалар тәрбиешіге ілесіп бірнеше рет қайталап көреді. Суреттегі үй төбесіндегі мұржадан түтін шығып тұрған жоқ. Себебі ол үйде от жанып жатқан жоқ, ал үйдегі пеште от жанғанда ғана түтін будақтап шығады. Қазір түтіннің мұржадан қалай шығатынын көрейік. Өзі қағаздағы суретке ирек сызықтарды қалай жүргізуге болатынын көрсетеді. Балалар алдарындағы суреттегі үйдің мұржасынан шыққан түтінді салады.

Рефлексиялы түзету кезеңі

Тәрбиеші ойыншықтардың атынан балаларға ризашылығын білдіреді, барлығының да суретті жақсы салғандарын айтады.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: қыс мезгілінде үй жылы болу үшін от жағатынын, мұржадан түтін будақтап шығатынын

Түсінеді: мұржадан шыққан түтінді бейнелеу арқылы қолдың қимыл-қозғалыс үйлесімділігін және кеңістікте бағдарлай білуді

Қолданады: қарындашпен іс әрекет жасау арқылы ирек сызықтар сызуды.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

20. Күні: 13.01.2022ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Мұз айдынындағы іздер»

Мақсаты: Берілген фонның үстінен коньки ізін ирек сызықтар арқылы көрсетуге үйрету, ирек сызықтар сызу дағдыларын қалыптастыру, қиялын дамыту, табиғаттың әсемдігін түсіне білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: әр балаға арналған көкшіл мұз айдыны бейнеленген үлестірмелі материал, жіңішке қылқалам, көк бояу, қол сұрткіштер, су

Оқу қызметінің барысы:

Тәрбиеші балаларға мұз айдыны бейнеленген суретті көрсетіп, мұз айдыны не үшін керек екендігі туралы әңгімелейді.

Сендер ата-аналарыңмен бірге мұз айдынына барып, конькимен сырғанағанды мұзда қандай із қалғанын көрдіңдер ме? Мұз айдынында конькимен сырғанағанда әртүрлі өрнектер, яғни іздер қалатынын айтады.

Балалар суретке қызығушылықпен қарап, тәрбиешінің әңгімесін тыңдайды.

Ұйымдастырушылық ізденуші

Сендердің ойыншықтарын мұз айдынына бара алмайды. Бірақ олар сендердің мұз айдынында коньки тепкендеріңді көргісі келеді. Ендеше біз ойыншықтарға өзіміздің тепкен конькиміздің іздерін салып берейік. Сендердің алдарында көкшіл қағаз, оны «мұз айдыны» деп ойлайық. Осы мұз айдыны, яғни алдарында тұрған көк қағаздың үстіне ақ бояуды пайдаланып жіңішке қылқаламмен конькидің іздерін түсіріп көрейік. Көк қағазда әлі іздер түспеген. Көк қағазға қылқаламның көмегімен іздерді түсіріп көрсетеді. Балаларға алдын-ала түзу сызықтар сызу немесе тұйық сызықтар салу керектігін ескертеді. Балалардың жіңішке қылқаламды дұрыс пайдалануын қадағалайды. Осындай іздерді салған кезде қылқаламды баспай, ұшымен сүйкей жағу керек екенін естеріне түсіреді. Ұқыпты жұмыс істеулері қадағаланады. Жұмыс соңынан балалардан конькимен сырғанаған кезде жасайтын қимылдарын жасауды сұрайды. Балалар қылқаламды ақ бояуға батырып, көк қағаздың үстіне іздер түсіреді. Балалар жұмыс соңынан коньки тепкен адамның қимылын келтіреді.

Рефлексиялы түзету кезені

Балаларға жеке бағыт-бағдар беріледі. Балалар суретті жақсы салғаны үшін ойыншықтардың атынан алғысын білдіреді.

Өздерінің жұмыстарына мұқият қарайды.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: мұз айдынында коньки тепкенде мұз бетінде із қалатынын

Түсінеді: қылқаламмен бояуды сүйкей жағуды

Қолданады: қағазға қылқаламмен іздерді үзбей салуды.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

21. Күні: 20.01.2022ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Маймақ маң-маң басады»

Мақсаты: Аюдың ізін қарындашпен үлкен және кіші дақ түсіру арқылы салуға үйрету, жұмыс барысында балалардың өз алдына жеке дербес әрекет етуімен белсенділігін дамыту, қыс мезгілінде аңдарға, жан жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: әр балаға бір-бірден аюдың суреті салынған парақтар, қарындаштар, ойыншық аю.

Оқу қызметінің барысы:

Тәрбиеші балаларға серуен кезінде көптеген іздерді көріп, бақылағандары туралы айтқызады және аюдың қорбандап, қоянның секіріп жүретіні жайлы естеріне түсіреді. Аюдың басқан ізін қарлы боран соғып, басып тастағандықтан, өз үйін таба алмай жүргенін айтады. Міне, сол аю сендерден көмек сұрай келіпті. Қонаққа келген аюды кіргізеді.

Балалар тәрбиешіге қызығушылықпен қарап, әңгімесін тыңдайды.

Ұйымдастырушылық ізденуші

Тәрбиеші жұмбақ жасырады:

Өзіне болған қорған орман, Ішінде бар бір аю қорбаң-қорбаң. Ол не екен, балалар? (аю)
Балалар жауап беруге қиналса, тәрбиеші көмектеседі. Балалардың аюдың түсін, дене бөліктерін атап берулерін сұрайды. Аю қалай жүреді деп сұрап, аюдың қорбандап, маң-маң басып жүретінін түсіндіре және өзі сол қимылды көрсетіп, балаларға аюдың жүрісін қайталауды ұсынады. Олар музыка әуенімен қорбандаған аюдың жүрісін салып көрсетеді.

Осы аюдың жүрген ізін қалай саламыз, кәне, маған тақтаға қарандар. Қағазға қылқаламмен қалай үлкен дақ түсіруге болатынын көрсетеді. Домалақ, бұл аюдың табаны, енді майлы қарындашпен оның тырнағының іздерін саламыз. Екі-үш дақ түсіріп көрсетеді. Іздердің ретімен кезек-кезек салынатынын түсіндіреді. Балалар сурет салуға кіріседі.

Балалар жауабын табуы керек.

Аюдың дене бөліктерін, түсін айтады.

Балалар маң-маң басқан аюдың жүрісін қайталайды. Балалар қарындашпен аюдың іздерін салады.

Рефлексиялы түзету кезеңі

Әр сурет талданып, әр балаға жеке бағыт-бағдар беріледі. Тәрбиеші сурет салынып болған соң ойыншық аюды осы іздермен жүргізіп көруді ұсынады.

Өздерінің жұмыстарына баға бере қарайды.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: аюдың қимыл-қозғалысын, іздердің әртүрлі болатындығын

Түсінеді: жабайы аңдар туралы түсініктерін кеңейтеді

Қолданады: қылқалам мен қарындашты кезектестіріп пайдалану арқылы із түсіре білуді

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

22. Күні: 27.01.2022ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Машинаның дөңгелектері»

Мақсаты: а) Машинаның дөңгелегін тығын арқылы салуға үйрету;

ә) жұмыс барысында балалардың өз алдына жеке әрекет көрсетуі мен белсенділігін дамыту;

б) Ойыншықтарды көтіп ұстауға, мұқият ойнауға тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: демонстрациялық материалдар,

Қажетті құрал-жабдықтар: әр балаға арналған үлестірімелі материал, қара бояу, қол сүрткіш.

Оқу қызметінің барысы:

Тәрбиеші топтағы машиналардың дөңгелегі жарылып, орманға саяхатқа бара алмай жатқанын естігенін балаларға жеткізеді. Балалар ойыншықтарға көмектесеміз бе?

Балалар көмектесетіні жайлы айтады.

Ізденіс-ұйымдастырушылық

Тәрбиеші балаларға өздерінің ойыншық машиналары жайлы көрнекі сурет көрсете отырып әңгімелетеді.

-Машинаның түсі қандай? Неше дөңгелегі бар? Пішіні неге ұқсайды? Суреттегі қандай машина? Бірнеше машиналардың суретін көрсетіп сұрайды. Кімге қандай машина ұнайды? Тәрбиеші ойыншықтарға көмектесу үшін алдарындағы парақтағы дөңгелегі салынбаған машинаның дөңгелегін тығын арқылы салу керек екендігін түсіндіреді.

-Ол үшін алдымен тығынды қолдарына алыңдар, оны алдарыңда тұрған қара бояуға ұқыпты батырып, бірінші алдыңғы дөңгелегін, сонан кейін артқы дөңгелегін бастырып бояңдар. Балалардың іс-әрекеттері ретін түсіндіре отырып, өзі үлгі ретінде сол іс-қимылды жасап көрсетеді. Бұл жүк машинасы болғандықтан, дөңгелегін тегіс етіп бояуымыз керек. Жұмыс барысында балалардың ұқыпты жұмыс жасауын қадағалайды. Педагог ойыншықтардың риза болғаны, енді олардың орманға саяхатқа шыға алатыны жайлы хабарлайды.

Балалар өздерінің машиналары туралы әңгімелеп айтып береді.

Ақ, Көкшіл т. б. Төрт дөңгелегі бар.

-Жүк машинасы ұнайды.

Қолдарына тығынды алып, педагогке ілесіп дөңгелектерді салады.

Рефлексиялық-түзетушілік

Тәрбиеші ойыншықтардың атынан ризашылық білдіреді және бәрінің де жақсы жұмыс істегендерін айтып мадақтайды.

Өздерінің жұмыстарына баға бере қарайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Машинаның дөңгелекпен жүретінін.

Игереді: Ойыншықтармен ойнағанда ұқыпты болу керектігін.

Меңгереді: Тығын арқылы дөңгелекті бояуға болатынын.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

23. Күні: 03.02.2022ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Түрлі түсті моншақтар»

Мақсаты: а) Саусақ немесе бастырма арқылы моншақтар суретін салуға үйрету.

ә) Бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

б) Әсемдікті әдемілікті сезіне білуге тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: демонстрациялық материалдар,

Қажетті құрал-жабдықтар: Қуыршақ Айсұлу, түрлі түсті моншақтар, әр балаға сары түспен боялған қағаздар қызыл, сары бояулар, қол сүрткіштер, су.

Оқу қызметінің барысы:

Тәрбиеші балаларға түрлі түсті моншақтарды көрсетіп, олардың не үшін пайдаланылатыны айтып, осындай әшекейді үйлерінде кім тағады деп әнгімелесіп отырғанда қуыршақ Айсұлу ренжіп келеді. Айсұлу моншақтарын бізге келе жатқанда үзіп алып, сендер сол әдемі моншақтарын тізіп беруге көмектесе ме екен деп үміттеніп келіпті

Балалар көмектесетіні жайлы айтады.

Ізденіс-ұйымдастырушылық

Тәрбиеші онда біз Айсұлуға әдемі моншақтың суретін салып берейік. Ол үшін алдарындағы қағазға салынған моншақтардың жібіне саусақтарыңды қызыл бояуға малып, қызыл түсті моншақтыбатырып саласыңдар, сонан кейін ол саусақты сулы шүберекпен сүртіп, сары бояуға батырып, қызыл моншақтың жанынан сары түсті моншақты бастырып саласыңдар. Тәрбиешінің өзі салып көрсетеді. Сурет салу барысында жіптің ұшына екі қызыл салынатынын, әрі қарай екі сары моншақ , екі жасыл және екі көк , т.б. түспен салуға болатынын түсіндіріп, қолдарын сүртпей тұрып, бір түсті моншақтарды бірден екі – үштен бастырып салуға бағыт береді.

Сергіту сәті:

Моншақтарды алайық ,

Мойнымызға тағайық.

Дөңгелене би билер,

Көңілденіп алайық (Ф.Н.)

Тәрбиеші сурет салу жолдарын көрсете отырып, жұмысты аяқтайды. Балалардың өз бетінше жұмыс жасағандарына мұқият қарап бақылайды.

Рефлексиялық-түзетушілік

Тәрбиеші Айсұлудың атынан балаларға ризашылық білдіреді және бәрінің де жақсы жұмыс істегендерін айтып мадақтайды.

Өздерінің жұмыстарына баға бере қарайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Моншақтардың әшекей зат екенін.

Игереді: Моншақтар туралы қарапайым түсініктерді.

Меңгереді: Саусақ арқылы түстерді ауыстырып отырып дөңгелек салуды.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

24. Күні: 10.02.2022ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Үйдің терезесіндегі жарықтар»

Мақсаты: Қылқаламмен үзік сызықтарды кеңістікте дұрыс орналастыра сызуды үйрету, бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, таяқшамен сурет салу іскерлігін дамыту, сурет салуға деген қызығушылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: демонстрациялық түспен боялған қағаздар, ақ бояу, қылқалам, қол сүрткіштер, су

Оқу қызметінің барысы:

Тәрбиеші балалардан бір-біріне деген жылы сезімдерін айтуды сұрайды. Кеш мезгілі болғанда қараңғылық түсетінін, сол кезде үйлерде, дүкендерде және т.б. мекемелерде жарық жағылатынын айта отырып, күннің сол мезгілінде терезеден не байқағандары жайлы әңгімелеседі.

Балалар бір-біріне жылы тілектерін айтады. Балалар не байқағандары жайлы өз сөздерімен айтып береді.

Ұйымдастырушылық ізденуші

Біз бүгін терезеден түскен жарықтың суретін саламыз. Тәрбиеші жарықты салу жолдарын өзі көрсете отырып түсіндіреді. Сендердің алдарында терезенің жарық жанып тұрған суреті бар, сол терезеден жарық сәулелерінің шашырап тұрғанын қылқаламды сары бояуға батырып, қатты бастырмай сүйкей жағу арқылы үзік сызықтар арқылы саласыңдар.

Сергіту сәті.

Қылқаламды қояйық,
Орнымыздан тұрайық,
Қолымызды созайық,
Оңға қарай иіліп,
Солға қарай иіліп,
Біз тынығып алайық.

Тәрбиеші балаларға бағыт бағдар беріп отырады. Осындай жарық сәулелерін салған кезде қылқаламды қатты баспай, ұшымен сүйкей жағу арқылы үзік сызықтар түріндегі шамның жарығын жан-жаққа шашырата салу керектігін естеріне түсіреді.

Балалар тәрбиешінің көрсетуімен жарық сәулелерін салады.

Рефлексиялы түзету кезеңі

Тәрбиеші балаларға ризашылығын білдіреді, бәрінің де жақсы жұмыс істегендерін айтып мадақтайды.

Өздерінің жұмыстарына баға береді.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: кеш болғанда барлық үйде жарықтың жанатынын.

Түсінеді: жарық көздері туралы түсініктерін кеңейтеді.

Қолданады: үзік сызықтарды шашырата сызу арқылы жарық сәулесін салуды.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

25. Күні: 17.02.2022ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Торғайларға жем шашамыз»

Мақсаты: фломастермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, қағаз бетіне нүктелерді түсіруге үйрету, ойын тәсілдері арқылы ой қиялдарын дамыту, құстарға деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.

Көрнекілігі: фломастер мен үшкір ұшталған таяқша, торғайлардың суреті, сазбалшық, жем салғыш, сүлгі.

Оқу қызметінің барысы:

Тәрбиеші тақтаға ілінген суретке балалардың назарын аударып, не көріп отырғандарын сұрайды. Суреттегі торғайларға қараңдаршы, олар не істеп отыр? Торғайларға қандай көмек көрсетуге болады?

«Торғайлар ағаш басына қонып отыр. Жем салғышқа балалар жем салып, іліп жатыр», - деп балалар көріп тұрғандары жөнінде әңгімелеп береді.

Ұйымдастырушылық ізденуші

Сурет бойынша қысқаша әңгіме сұхбаттан соң тәрбиеші балалардың әрқайсысында торғайдың суреті салынған парақтар таратады.

Енді біз торғайларға жем шашайық. Нүктелерді тақтадағы қағаз бетіне түсіре тұрып, келесі өлең жолдарын оқиды: Торғай, торғай, торғайсың,

Таяу келіп қонғайсың.

Дән шашайын, тойып ал,

Суыққа сонда тонбайсың..

Ал, енді өздеріңнің торғайларыңа жем шашыңдар, мен көрейін. Менің торғайым бөтегесі бұлтиып тойып алды. Кәне, сендер торғайларыңа жемді қалай беретіндеріңді көрейік. Тәрбиеші балалардың жұмыстарын арқалап жүріп көреді. Жемді көбірек шашсаңдар, торғайлар тез қояды. Алдарындағы фломастерді немесе таяқшаны пайдаланыңдар. Балалар жұмыстарын аяқтаған кезде тәрбиеші мынандай ұсыныс айтады: Кәне, балалар, енді маған торғайлар қалай ұшатынын көрсетіндерші.

Сергіту сәтін жасатады.

Даладағы торғайлар тоңып, жем таба алмай жүр, өйткені далада күн суық, барлығын қар басып қалған.

Рефлексиялы түзету кезеңі

Тәрбиеші балалардың жұмыстарына басшылық жасап, жеке нұсқаулар береді.

Аяқталған жұмыстарды мадақтап, сабақты қорытындылайды.

«Мысық пен торғайлар» ойынын ойнайды.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: қағаз бетіне нүктелерді түсіруді, ойын тәсілдері арқылы ой-қиялдарын дамытуды.

Түсінеді: құстар және оларды тамақтандыру жайында түсініктерді.

Қолданады: фломастермен немесе таяқшамен, қағазбен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

26. Күні: 24.02.2022ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Орамалды безендіру»

Мақсаты: қағазға бастырмамен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, орамалды геометриялық пішіндермен безендіруге үйрету, саусақ қол қимыл қозғалыстары мен икемділіктерін дамыту, балаларды әсемдікті көре білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: сары түсті парақ, бастырма, түрлі түсті бояу, сүлгі, су

Оқу қызметінің барысы:

Балалар, мына Айгүл деген кішкентай қыз 8 Наурыз мерекесіне әжесіне не сыйлайтынын білмей, сендерден көмек сұрай келіпті.

8 Наурыз –әжелер, аналар мерекесі, көктем мерекесі екенін балаларға түсіндіру.

Әжемiзге не сыйласақ екен? Ол кісі үлкен, қарт адам. Бәріміз Айгүлге көмектесейік.

Балалар Айгүлмен сәлемдеседі.

Балалар ойланады.

Иә, көмектесейік.

Ұйымдастырушылық ізденуші

Тәрбиеші әдемі ою-өрнектері бар орамалдарды көрсетіп, олардың не мақсатта қолданылатыны туралы әңгімелейді. Балалардан аналарының, әжелерінің орамалдары жайлы сұрайды. Орамалдардың әртүрлі болатыны туралы түсініктеме береді.

Бүгін әжемiзге сыйға тарту үшін мына орамалдыәдемі етіп безендіріп берейік. Тәрбиеші балаларға фон және онда үшбұрыш сызылған үлестірмелі материалды таратып береді.

Берілген орамал пішіні ішіне дөңгелек пішіндерді салу жолын түсіндіреді.

Қызыл гуашьты пайдаланатындығын айтады. Бастырма әдісі бойынша салуға да болады,ол үшін алдымен кішкентай дөңгелек пішіндер дайындалып алынады. Ол пішінді қызыл бояуға батырып алып, орамал бетіне бастырады. Мақта оралған таяқшамен,саусақпен,қылқаламмен салуға да болады. Тәрбиеші өзі қалаған тәсілді алады. Сурет салу барысында балаларға дөңгелектерді орамалдың бір шетінен бастап,арақашықтығын дұрыс сақтай отырып салып шығуды тапсырады. Жұмыс барысында балаларға нақты бағыт-бағдар беріліп отырады. Балалар безендірген орамалдарын Айгүлге ұсынады.

Балалар әжелерінің,аналарының орамалдары жайлы өз білгендерін айтады.

Балалар тәрбиешінің басшылығымен жұмыс жасайды,орамалды дөңгелек бастырманы қызыл гуашьқа матырып алып басу жолымен безендірді.

Рефлексиялы түзету кезеңі

Тәрбиеші балалардың салған суреттерін жинап алған соң, олардың суреттерін талдау жұмысын жүргізеді.

Балалар бір-бірлерінің суреттеріне қарап тамашалайды.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: бастырманы жұмыс істеу дағдысын

Түсінеді: орамалдардың алуан түрлі формада,түсте болатыны туралы мәліметті

Қолданады: әр түрлі тәсілмен дөңгелек пішін салуды.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

27. Күні: 03.03.2022ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Менің отбасым»

Мақсаты: а) қылқаламмен немесе саусақ арқылы көйлекті дөңгелек пішіндермен (үлкен, кіші) безендіруге үйрету; негізгі түстер туралы білімдерін бекіту;

ә) саусақтарының икемділігін арттыру, көйлекті әдемі әшекейлеу арқылы ой-қиялдарын дамыту;

б) сурет салуға деген қызығушылыққа және талғампаздыққа тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: демонстрациялық материалдар.

Қажетті құрал-жабдықтар: қуыршақ Әйгерім, оның әдемі көйлек үлгісі, әр балаға бір-бірден көйлек үлгілері, түрлі бояулар, қол сүрткіштер, су.

Оқу қызметінің барысы:

Тәрбиеші балаларға әртүрлі көйлекүлгілерін көрсете отырып, көйлектің түрі өте көп болатынын айтады.

Бірнеше қуыршақтың көйлегін көрсетіп, түсіне, өрнектеріне балалардың назарын аударады.

- Қуыршақ Әйгерім қонаққа әдемі көйлек киіп барғысы келеді.

Сендердің көмектесуге дайын тұратындарыңды біліп, көмек сұрай келіпті.

Балалар қызығушылықпен

тыңдайды.

Көмектесетіндері жайлы айтады.

Ізденіс-ұйымдастырушылық

- Ендеше бәріміз бірге қуыршақ Әйгерімге арнап көйлектерді әдемі етіп безендіріп берейік.

Алдарыңдағы көйлек үлгілерін өздеріңе ұнаған түстерге

бояйсындар. Ол үшін саусақтарыңды сол түске батырып, әртүрлі көлемдегі дөңгелектер салу арқылы безендіресіндер. Дөңгелек салудың неше түрі бар екенін естеріңе түсіріп көріңдер.

Тәрбиеші көйлекке дөңгелектерді салу жолдарын көрсетеді. Үлкен домалақтарды саусақпен, кіші домалақтарды қылқаламмен салуға кеңес береді. Оқушылардың қабілетіне қарай дөңгелектерді қылқаламмен салып шығуды ұсынуға да болады.

Балалардың түсті дұрыс таңдауына бағыт береді және қандай түс таңдағанын сұрай отырып бояуды ұсынады.

Рефлексиялық-түзетушілік

Тәрбиеші Әйгерімнің атынан балаларға ризашылығын білдіреді, бәрінің де жақсы жұмыс істегендерін айтып мадақтайды.

Өздерінің жұмыстарына баға береді.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: саусақпен және қылқаламмен ұқыпты жұмыс істеу.

Түсінеді: көйлектердің пішіні, өрнектердің әртүрлі болатындығын.

Қолданады: саусақ және қылқаламды алмастыра отырып көйлекті безендіруді.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

28. Күні: 10.03.2022ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: Әжемнің өрнектері.

Мақсаты: а) түрлі түсті бояуларды пайдаланып текеметті безендіруге үйрету, негізгі түстер туралы білімдерін бекіту;

ә) сурет салуға деген ынта-ықыластарын арттыру;

б) ұлттық өнерге деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: демонстрациялық материалдар.

Қажетті құрал-жабдықтар: әр балаға бір-бірден текемет үлгілері, қызыл, сары бояулар, қол сүрткіштер, су.

Оқу қызметінің барысы:

Балалар, Айсұлудың әжесі бізге керемет текемет беріп жіберіпті. Киізден жасалған қазақтың, ұлттық үй бұйымы - текеметті көрсетеді. Текеметтер сан түрлі қазақ оюларымен әшекейленуі де мүмкін екенін, қазақ шеберлерінің сәндік қолданбалы өнердің керемет

өрнектерін ұрпақтан-ұрпаққа беріп келе жатқанын айтады.

- Айсұлу өзінің, қуыршақтарына осындай әдемі текеметтің суретін салып берулерінді өтінеді.

Балалар педагогтің текемет жайлы айтқан қызықты

Мәліметтерін тыңдайды.

Ізденіс-ұйымдастырушылық

- Біз Айсұлудың ойыншықтарына текеметті түрлі түсті бояуларды пайдаланып өрнектеп берейік.

Сендердің алдарыңда аяқталмаған текеметтік суреті тұр, осы текеметті қылқаламды сары, қызыл, көк бояуларға батырып бояймыз.

Алдымен сары түсті ортасындағы шаршыны бояймыз, содан кейін бояуды қызыл түске алмастырып алып, жоғарыдағы және төмендегі үшбұрыштарды бояймыз, енді жасыл түспен оң және сол жақтағы үшбұрыштарды бояймыз.

Тәрбиеші суретті бояған кезде балалардың ұқыпты жұмыс жасауын қадағалайды. «Бұл неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны.

Мақсаты: Балалардың ойлау ұшқырлығын, қиялын дамыту мақсатын көздей отырып, балаларға денелердің қандай геометриялық пішіндерге ұқсайтынын тапқызу.

Рефлексиялық-түзетушілік

Тәрбиеші балаларға барлығының да жақсы жұмыс істегенін айтып, мадақтап, текеметтерінің өрнектерінің, әдемілігін Айсұлу әжесіне көрсететінін айтады.

Өздерінің жұмыстарына баға бере қарайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: қылқаламмен бояған кезде бояуды сызықтың шетіне шығармай, ұқыпты жұмыс жасай білу дағдыларын.

Игереді: үйде тұтынылатын ұлттық бұйымдардың ерекшелігін.

Менгереді: текеметті бірнеше бояу түстерін алмастыра отырып бояуды.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

29. Күні: 17.03.2022ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: Түрлі түсті сақиналар.

Мақсаты: а) қол, саусақ қимыл-қозғалыс икемділігін бейімдей отырып дөңгелек пішін салуға үйрету, бояу түстерін ажырату дағдыларын қалыптастыру;

ә) ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын, кеңістікті бағдарлай білу қабілетін дамыту;

б) сурет салуға қызығушылыққа және түстердің үйлесімділігін сезіне білуге тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: демонстрациялық материалдар.

Қажетті құрал-жабдықтар: ұлттық киім киген қуыршақ Айсұлу, түрлі түсті сақиналар, қызыл, сары бояулар, қол сүрткіштер, су, ақ қағаз.

Оқу қызметінің барысы:

Тәрбиеші үстел үстіне әртүрлі сақиналарды қойып, оларды жеке-жеке алып көрсетіп, олардың бір-бірінен айырмашылығын сұрайды.

Осы кезде есік қағылады да, топқа қонаққа ұлттық киім киінген қуыршақ Айсұлу келіп кіреді.

- Балалар, Айсұлудың қолында не бар екен? Үстіндегі киімдеріне көңіл аударыңдаршы. Айсұлу бізге

сыйлыққа, міне, қараңдаршы, қандай әдемі, түрлі түсті сақиналар ала келген. Балаларға көрсетіп түстерін сұрайды.

- Сақиналардың пішіні қандай?

Сақиналарды асықпай қарайды.

Айсұлудың киіміне көңіл аударады.

Балалар сақинаның түстерін, пішінін айтып береді.

Ізденіс-ұйымдастырушылық

- Ал, балалар, осы сақиналарды қағазға бояумен салып көрейік.

Тәрбиеші тақтаға бірнеше сақинаның суретін салып көрсетеді.

- Алдымен ауада салып көрейік.

Балаларға қылқаламды дұрыс ұстап, ауада бір нүктеден бастап айналдыра дөңгелек жүргізіп, сол бастапқы нүктеге келіп тоқтауды ұсынады. Балалар ауада бірнеше рет қайталап салып көрген соң қылқаламды бояуға ұқыпты

батырып, ыдыстың шетіне аздап сүйкеп артығын түсіріп, қағаз бетіне сақина суретін салады.

Рефлексиялық-түзетушілік

Тәрбиеші балалардың суреттерін мұқият қарап, талдау жасайды. Ойында ерекше белсенділік көрсеткендері, суретті жақсы салғандары мадақталады.

Балалар салған суреттерін

тамашалайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: қол қимыл-қозғалысын икемдей отырып дөңгелек пішінді салуды.

Игереді: ұлттық киімдер мен бұйымдар туралы мәліметтерді.

Менгереді: бояу түстерін ажырату, ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

30. Күні: 24.03.2022ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: Жылғалардан су ақты.

Мақсаты: а) көктем мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру; қылқаламмен ирек сызықтар сызуды жалғастырып, бояуды үйрету;

ә) ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;

б) жыл мезгілдеріне деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: демонстрациялық материалдар, көктем мезгілі бейнеленген суреттер.

Қажетті құрал-жабдықтар: ұлттың киім киген қуыршақ Айсұлу, түрлі түсті сақиналар, қызыл, сары бояулар, қол сұрткіштер, су, ақ қағаз.

Алдын ала орындалатын жұмыс: балабақша ауласына мақсатты серуен.

Оқу қызметінің барысы:

Педагог жұмбақ өлең жасыру арқылы бүгінгі сабақтың қай жыл мезгіліне арналғанын сұрайды.

- Сол жыл мезгілінің бейнесін парақ бетіне бейнелейік.

Жыл мезгілі шуақты,

Жердің беті нұрланған.

Сайды қуып су ақты,

Гүлдер өсті ырғалған.

Балалар жауап беруге қиналса, педагог өлеңнің мағынасын түсіндіріп, шешуін өзі айтады.

Сурет бойынша көктем мезгіліндегі болатын өзгерістер туралы өңгімелейді. Балалардан қандай өзгерістерді байқағандарын сұрайды.

Балалар жұмбақ өлеңді ықыласпен тыңдайды.

Балалар суреттен не көргендерін

айтып береді.

Ізденіс-ұйымдастырушылық

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Жас зерттеушілер»

Тақырыбы: Ауамен тәжірибелер

Мақсаты: Балаларға жаңбыр қайдан және қалай пайда болатынын түсіндіру.

Сендер аспанда не көріп тұрсыңдар?

Олар неге ұқсайды? Олар неге жылжып жатыр?

Жаңбыр бізге не үшін қажет? Жаңбыр қандай?

Жаңбыр жауғанда не болады?

Жаңбыр қай мезгілде жауады?

Сергіту сәті:

Еңбек: Ауланы қоқыстардан тазарту.

Мақсаты: Бір - біріне көмектесіп, еңбектену дағдыларын қалыптастыру.

Керекті құралдар: Қалақша, қолғап, шелектер.

Жел дегеніміз не?

Жел қандай болады?

Жел қалай пайда болады?

Жел не үшін қажет?

Жел бізге керек пе, жоқ па?

Желді көрмесек қалай сеземіз?

Оңтүстік, солтүстік қайда, батыс пен шығыс ше?

Жел қай жақтан соғып тұр?

Сергіту сәті:

Жел соғады бетімізге,

Тербеледі ағаштар.

Тыныш - тыныш отырыңдар,

Биік - биік ағаштар.

Қимылды ойын: «Аққу - қаздар»

Мақсаты: Ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру.

Сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту.

Ойын шарты: Құсшы құстарды жем жеуге босатады да, былай дейді:

- Аққу - қаздар жем жедіңдер ме?

- Су іштіңдер ме?

- Құстар жауап береді.

Балалардың ішінен бірін қасқыр етіп сайлайды.

Құсшы: Сақ болыңдар, аш қасқыр! келеді - деп дауыстайды.

Аққу - қаздар иелеріне қарай ұшулары керек.

Ал, аш қасқыр болса құстарды ұстап алып жеуге тырысады.

Ұсталған аққу - қаздар, қасқырға көмектеседі.

Сөйтіп аққу - қаздар азайып, біткенше ойын жалғасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Жел үш түрге бөлінетінін;

Меңгеруі: Жел триз әдісі арқылы салуды.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Күні 01.04.2022ж _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Жас зерттеушілер»

Тақырыбы: Күн және ғаламшар.

Мақсаты: Балаларға ғарыш әлемі жайлы түсінік беру; ғарыш әлемі және оның құпия сырларына деген қызығушылықтарын қалыптастыру; сөздік қорларын молайту.

Таным белсенділігін, ойлау, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Шаттық шеңбер.

Амансың ба, Аспан-Ата!

Амансың ба, Жер-Ана!

Амансың ба, достарым!

Сендерді көрсем қуанамын.

Балалар шеңберге тұрып, бірге қайталайды.

Ұйымдастырушылық-ізденсітік

Ой туғызу:

-Балалар ғарыш туралы не білесіңдер?

-Ең алғаш ғарышқа нелер ұшты?

-Ғарышқа кімдер ұшады?

-Ғарышқа немен ұшады?

-Зымырандар қайдан ұшады?

-Ал Қазақстанның ғарышкерлерін кім біледі?

Әңгімелесу(слайдтар бойынша).

Ең алғаш ғарышқа иттер ұшқан-Белка,Стрелка.

Адамзат тарихында тұңғыш рет 1961 жылы 12 сәуірде Ю.А.Гагарин «Восток» ғарыш кемесімен ғарышқа аттанды. Содан бері 55 жыл бойы 12 сәуір-Ғарышкерлер күні атап өтеміз.- Ал енді біз қазір сендермен ғарышқа ұшамыз. Ол үшін біз ғарышкерлер киетін киім киіп алуымыз керек: комбинизон, қолғап, ал басымызға скафандр.

-Скафандрды не үшін киеміз?

Дұрыс демалу үшін, тоңбау үшін, қауіпсіздікті сақтау үшін. Ал енді зымыранға отырайық, енді әркім өз орнында орналасыңдар, белбеуімізді тағамыз. Дайынбыз Ғарыш – аспан әлемі.

Ғаламшар – Күнді айналатын, Күннен жарық пен жылу алатын үлкен аспан денелері.

Билингвальдік компонент: ғарыш-космос, ғарышкер-космонавт, ғаламшар-планета. жұмыс.

-Кане ашық аспанға шығайық.

Логикалық ойын «Кім жылдам?»

Қабылдайды: ғарыш әлемі және оның құпияларын

Түсінеді: денсаулығы мықты адам ғарышкер бола алады.

Қолдана алады: берілген тапсырмаларды орындауды, ұжыммен жұмыс жасауды.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Күні 08.04.2022ж _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Жас зерттеушілер»

Тақырыбы: Жәндіктердің жандануы

Мақсаты: Балаларды жәндіктер әлемімен таныстыруды жалғастыру. Жәндіктердің характерлік ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Балаларды түрлі жәндіктермен кездескенде өздерін дұрыс ұстау түсініктерін бекіту.

Шегірткенің дыбысы.

Ұйымдастырушылық ізденіс

Ызындап ән салады

Жұп – жұқа қанаты

Тәттіге тамсанып

Қоқысқа қонады Ол не?

Гүлдерге қонады

Шырынын сорады

- Балалар тағы қандай жәндіктерді білесіңдер?

- Жәндіктердің аяғы нешеу?

- Олар иісті сезе ме?

- Ұша алатын (секіретін, жорғалайтын) жәндіктерді атаңдар.

- Ең мазасыз жәндікті кім біледі?

- Қалай ойлайсыңдар, ара пайдалы жәндік пе, әлде зиянды жәндік пе?

- Тағы қандай жәндікті еңбекқор деп айтуға болады?

- Қалай ойлайсыңдар, құмырсқалар жалғыз тұра ма, әлде топтанып па?

- Құмырсқаның илеуін бақылап, жауынның жауатынын қалай білуге болады?

(илеуге кіретін тесікті бекітіп тастайды)

Ол зиянды жұлдызқұрттармен, жауын құрттармен және жалаңаш шырыштармен қоректенеді. Ағаштардағы зиянды жәндіктерді құртып, пайда келтіреді.

Құмырсқалар күндіз қоректеніп, түнде ұйықтайды.

Құмырсқалардың азығы: Әр түрлі ағаш жапырақтары, өлі жәндіктердің денелері және егіннен қалған қалдықтар, құрғақ азықтармен қоректенеді.

Сергіту сәті: Бұл жәндіктердің пайдасы қандай? Көбелек гүлдерді тозандандырады, талшығынан жібек мата алынады.

Қоңыз өсімдіктердің жапырағын зиянды құрттардан тазартып, емдейді.

Құмырсқа еңбекқор, илеуіне қонған құстардың үстіндегі бүргелерін тазартады..

Рефлексивті-коррекциялау

Ал балалар біз не жайында әгімелестік?

Қандай жәндіктердің пайдасы бар?

Қандай жәндіктердің зияны бар?

Қандай жәндіктер еңбекқор?

Күтілетін нәтиже:

Жәндіктер тигізетін әсердің пайдалы және зиянды болып бөлінетінін ұғынады

Жәндіктердің әр түрлі болатынын түсінеді

Балалар жәндіктермен кездескенде өздерін дұрыс ұстау жайлы түсініктерін

қолданады

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Күні 15.04.2022ж _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Жас зерттеушілер»

Тақырыбы: Жәндіктердің қорегі

Мақсаты: Балаларды жәндіктер әлемімен таныстыруды жалғастыру. Жәндіктердің характерлік ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Балаларды түрлі жәндіктермен кездескенде өздерін дұрыс ұстау түсініктерін бекіту.

Шегірткенің дыбысы.

Ұйымдастырушылық ізденіс

Ызындап ән салады

Жұп – жұқа қанаты

Тәттіге тамсанып

Қоқысқа қонады Ол не?

Гүлдерге қонады

Шырынын сорады

- Балалар тағы қандай жәндіктерді білесіңдер?

- Жәндіктердің аяғы нешеу?

- Олар иісті сезе ме?

- Ұша алатын (секіретін, жорғалайтын) жәндіктерді атаңдар.

- Ең мазасыз жәндікті кім біледі?

- Қалай ойлайсыңдар, ара пайдалы жәндік пе, әлде зиянды жәндік пе?

- Тағы қандай жәндікті еңбекқор деп айтуға болады?

- Қалай ойлайсыңдар, құмырсқалар жалғыз тұра ма, әлде топтанып па?

- Құмырсқаның илеуін бақылап, жауынның жауатынын қалай білуге болады?

(илеуге кіретін тесікті бекітіп тастайды)

Ол зиянды жұлдызқұрттармен, жауын құрттармен және жалаңаш шырыштармен қоректенеді. Ағаштардағы зиянды жәндіктерді құртып, пайда келтіреді.

Құмырсқалар күндіз қоректеніп, түнде ұйықтайды.

Құмырсқалардың азығы: Әр түрлі ағаш жапырақтары, өлі жәндіктердің денелері және егіннен қалған қалдықтар, құрғақ азықтармен қоректенеді.

Сергіту сәті: Бұл жәндіктердің пайдасы қандай? Көбелек гүлдерді тозандандырады, талшығынан жібек мата алынады.

Қоңыз өсімдіктердің жапырағын зиянды құрттардан тазартып, емдейді.

Рефлексивті-коррекциялау

Ал балалар біз не жайында әгімелестік?

Қандай жәндіктердің пайдасы бар?

Қандай жәндіктердің зияны бар?

Қандай жәндіктер еңбекқор?

Күтілетін нәтиже:

Жәндіктер тигізетін әсердің пайдалы және зиянды болып бөлінетінін **ұғынады**

Жәндіктердің әр түрлі болатынын **түсінеді**

Балалар жәндіктермен кездескенде өздерін дұрыс ұстау жайлы түсініктерін

қолданады

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Күні 22.04.2022ж _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Жас зерттеушілер»

Тақырыбы: Қазақстан достар үйі

Мақсаты: «Достық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту; Достық көмек туралы түсінік беру; Өзара жағымды қарым – қатынастарын дамыту; Бір – бірін сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.

Шаттық шеңбер

Тәрбиеші балалармен бірге Е.Өтемісұлының «Достармен бірге» өлеңін қайталап айтады.

Достар бірге жүреміз,
Бірге ойнайсыз ,күлеміз.
Бірге балық аулаймыз,
Міне,біздер қандаймыз!
Орман,көлге,шыңға біз
Саяхатқа шығамыз.
Бөлінбейді іргеміз,
Әрқашанда біргеміз!
Әрқашан тілектес,
Досыңа көмектес.Әңгімелесу

- Біз бүгін өзіміздің ең жақын адамымыз достар туралы әңгімемізді жалғастырамыз.
- «Досыңа көмектесу» деген сөзді қалай түсінесіңдер?.

Тәрбиеші әңгімені оқып береді, балалар мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді.

- Балалар, өмірде бір – бірімізбен «Кел, дос болайық» деп дос бала салмаймыз. Достық бір – бірімізге деген адал көңілімізден, жақсы әдепті қылықтарымыздан, өзара сыйластық пен татулықтан, көмектен бірте – бірте қалыптасады екен.

Ойын «Көпір»

Еденге бормен екі сызық сызылады. «Ол - көпір». Бір – біріне қарама – қарсы екі бала бірін – бірі құлатпай өткізіп, орындарын ауыстырып, көмектесіп, «жағаға» келулері керек.

- Балалар, біздің бүгінгі сабағымызда жүрегімізде, жанымызға жақын, жақсы көретін адамымыз, достарымыз туралы әңгімелестік. Досымыз туралы ең жақсы ,тамаша сөздерді айттық. Достар бір - біріне әрқашан көмектесу керектігін түсіндік.

Шеңбер құрып, тәрбиешімен бірге қайталайды

Сұрақтарға жауап беріп, әңгімелеседі

балалар мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді.

сұрақтарға жауап береді.

Ойынға қатысады

Достары туралы әңгімелейді

Күтілетін нәтиже: Достық көмек туралы айта алуы

Өзара жағымды қарым – қатынастарды түсіне білуі

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Күні 29.04.2022ж _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Жас зерттеушілер»

Тақырыбы:«Менің ағам шекарашы»

Мақсаты:Балаларға шекарашылар жайлы түсінік беру. Әңгімелеп беру.Есте сақтау,ойлау қабілеттерін дамыту.

Көрнекілік:Шекарашылар суреттері

Сергіту сәті

3.Релаксация

–Сәлеметсіңдер ме, қыздар мен ұлдар! Таңертеңнен бері мен қуаныш сезіміне бөленіп жүрмін, өйткені сендермен кездесуді асыға күттім. Ал сендер балабақшаға келе жатқанда қуандыңдар ма?

Жарқырап күнде ашылды,

Айналаға гүл шашылды

Қайырлы күн!

Біз нәзік қыздармыз!

Қайырлы күн!

Біз ержүрек ұлдармыз!

-Жарайсыңдар!

-Бүгін біздің сабағымыз шекарашырал туралы

-Қазір қандай жыл мезгілі?

-Шекарашылар туралы не білесіңдер?

-Олар елімізді сырқы жаулардан қорғайды.

Д/О: « Айырмашылықтарын тап»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.

Орнымыздан тұрайық

Қанаттарды қағайық

Бір отырып бір тұрып

Орнымызды табайық.

Бүгін біз не білдік?

Тәрбиеші шеңбердің ішімен жүреді, бірде ұлға, бірде қызға кезек-кезек қарап айтады.

Қолдарын бір-біріне ұстатады.

Балалар бір-бірінің көздеріне қарайды да, күлімдейді

-Балалар тыңдайды

Д/О орындайды

Сергіту сәті өтеді

Күтілетін нәтиже:Балаларға шекарашылар туралы түсініктің болуы

Д/О ды дұрыс орындай білулері

Сұрақтарға толық жауап бере алуы.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Күні 06.05.2022ж _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Жас зерттеушілер»

Тақырыбы:«Су өмірдің көзі»

Мақсаты:Балаларға су әлемі жайлы түсінік беру. Өңгімелеп беру.Есте сақтау,ойлау қабілеттерін дамыту.

Көрнекілік:Су асты әлемінің суреттері.

Әрекет түрі:Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету, ойын.

Сөздік жұмыс:су асты әлемі

Ұйымдастыру:

Сергіту сәті

3.Релаксация

–Сәлеметсіңдер ме, қыздар мен ұлдар! Таңертеңнен бері мен қуаныш сезіміне бөленіп жүрмін, өйткені сендермен кездесуді асыға күттім. Ал сендер балабақшаға келе жатқанда қуандыңдар ма?

Жарқырап күнде ашылды,

Айналаға гүл шашылды

Қайырлы күн!

Біз нәзік қыздармыз!

Қайырлы күн!

Біз ержүрек ұлдармыз!

-Жарайсыңдар!

-Бүгін біздің сабағымыз су асты әлеміне арналады

-Қазір қандай жыл мезгілі?

- Су асты әлемі туралы не білесіңдер?

-Су асты әлемінде балықтар, сегіз аяқтылар болады.

Д/О: « Айырмашылықтарын тап»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.

Орнымыздан тұрайық

Қанаттарды қағайық

Бір отырып бір тұрып

Орнымызды табайық.

Бүгін біз не білдік?

Тәрбиеші шеңбердің ішімен жүреді, бірде ұлға, бірде қызға кезек-кезек қарап айтады.

Қолдарын бір-біріне ұстатады.

Балалар бір-бірінің көздеріне қарайды да, күлімдейді

Күтілетін нәтиже:Балаларға су асты әлемі туралы түсініктің болуы.

Д/о дұрыс орындауын білулері.

Сұрақтарға толық жауап бере алуы.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Күні 13.05.2022ж _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Жас зерттеушілер»

Тақырыбы:«Өсімдіктерді күту тәртібі»

Мақсаты:Балаларға өсімдіктер жайлы мәлімет беру,оларды күту тәртібін: суру және қайта отырғызу ережелерімен таныстыру.

Міндеті: Әңгімелеп беру.Есте сақтау,ойлау қабілеттерін дамыту.Гүлдерді күте білуге тәрбиелеу.

Көрнекілік:өсімдіктер суреттері

3.Релаксация

– Сәлеметсіңдер ме, қыздар мен ұлдар! Таңертеннен бері мен қуаныш сезіміне бөленіп жүрмін, өйткені сендермен кездесуді асыға күттім. Ал сендер балабақшаға келе жатқанда қуандыңдар ма?

Жарқырап күнде ашылды,

Айналаға гүл шашылды

Қайырлы күн!

Біз нәзік қыздармыз!

Қайырлы күн!

Біз ержүрек ұлдармыз!

-Жарайсыңдар!

-Бүгін біздің сабағымыз өсімдіктерді қалай күту тәртібімен танысамыз

-Қазір қандай жыл мезгілі?

- Сендер өсімдіктер туралы не білесіңдер?

–Табиғат бұрышында қандай гүлдер бар?-Өсімдіктерді суару керек,төпырағын қопсыту керек, жапырақтардың шаңын суртеміз,су себеміз

Д/О: « Айырмашылықтарын тап»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.

Орнымыздан тұрайық

Қанаттарды қағайық

Бір отырып бір тұрып

Орнымызды табайық.

Бүгін біз не білдік?

Тәрбиеші шеңбердің ішімен жүреді, бірде ұлға, бірде қызға кезек-кезек қарап айтады.

Қолдарын бір-біріне ұстатады.

Балалар бір-бірінің көздеріне қарайды да, күлімдейді

-Балалар тыңдайды

Д/О орындайды

Сергіту сәті өтеді

Күтілетін нәтиже Балаларға өсімдіктер әлемі туралы түсініктің болуы.

Өсімдіктерд ажыратуға білулері

Сұрақтарға толық жауап бере алуы.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Күні 20.05.2022ж -27.05.2022ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Жас зерттеушілер»

Тақырыбы:«Өзін-өзі ұстау» дағдылары

Мақсаты:Балалардың сезімдері мен көңіл-күйін өзінікімен салыстыра білуге үйрету.

Міндеті:Балаларға өзін-өзі ұстау дағдылары туралы түсінік беру.

Балалардың сөздік қорын молайту,ойлау қабілетін дамыту.

Балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Ұйымдастыру:Топпен

– Сәлеметсіңдер ме, қыздар мен ұлдар! Таңертеннен бері мен қуаныш сезіміне бөленіп жүрмін, өйткені сендермен кездесуді асыға күттім. Ал сендер балабақшаға келе жатқанда қуандыңдар ма?

Жарқырап күнде ашылды,

Айналаға гүл шашылды

Қайырлы күн!

Біз нәзік қыздармыз!

Қайырлы күн!

Біз ержүрек ұлдармыз!

-Жарайсыңдар!

-Бүгін біздің сабағымыз Өзін-өзі ұстау тәртібімен танысамыз.

-Қазір қандай жыл мезгілі?

- Сендер өзін-өзі ұстау туралы не білесіңдер?

–Сендер ойнағанда бір-бірімен ойыншықтармен бөлісесіңдер ме?

-Үлкендермен амандасу керек, оларға орын беру керек.

Д/О: « Айырмашылықтарын тап»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.

Орнымыздан тұрайық

Қанаттарды қағайық

Бір отырып бір тұрып

Орнымызды табайық.

Бүгін біз не білдік?

Тәрбиеші шеңбердің ішімен жүреді, бірде ұлға, бірде қызға кезек-кезек қарап айтады.

Қолдарын бір-біріне ұстатады.

Балалар бір-бірінің көздеріне қарайды да, күлімдейді

Балалар тыңдайды

Д/О орындайды

Күтілетін нәтиже :Балаларға өзін-өзі ұстау туралы түсініктің болуы.

Өсімдіктерд ажыратуға білулері

Сұрақтарға толық жауап бере алу

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

«Бекітемін»
«Кенжебай Ата-Шаңырақ» б/б
меңгерушісі Тулеметова Б

Вариативтік компонент
Тақырыбы: «Жол тәртібін білейік»

2021-2022

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Айналамен танысу.
«Алматы кітап» 2020 ж
2. 777 жұмбақ, Алматы «Ана тілі» 2021 ж
3. Жыл он екі ай. 2020ж
4. Ақ сандық, көк сандық . Алматы «Жазушы» 2020 ж
5. Айнала қоршаған орта Экология. «Алматы кітап» 2021ж
6. Экологиялық сабақтар. Т.М.Бондаренко Воронеж 2020.г
7. Біздің кітап. Баймұратова Б. «Алматы кітап» 2020ж
8. Бөбектерге байғазы кітапханасы. Алматы 2021ж
9. Тіл ашар
10. Қазақ балабақшаларына арналған «Балбөбек» бағдарламасы
11. Айналаны қоршаған орта, экология. Манкеш А.Е. 2020ж
12. Бастауыш мектеп №1 2021ж.
13. Бастауыш мектеп 2020ж.
14. Жаттамақ
15. Экологиялық тәрбие балалармен 5-6-7 жас. Т.М.Бондаренко
16. Балабақшадағы дидактикалық ойындар. Сорокина А.Е. 2021г

Түсініктеме

Бүгінгі таңда көше тәртібін бүкіл адамзаттың білуі өзекті мәселе болып отыр.

Сондықтанда мектеп жасына дейінгі балалық шақтан бастап баланың жолда жүру ережелерін білуі, оны сақтауы мектеп жасына дейінгі ұйымдарда алға қойылып отырған мәселелердің бірі ретінде қаралып отырғаны дұрыс, әрі қалыпты жағдайға айналуы тиісті деп ойлаймын. Жолда жүру ережесімен, көшеде жүру тәртібімен баланы таныстыруда оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыру, ойын сауықтар ұйымдастыруда дамып келе жатқан баланың есінде сақталады, әрбір жіберген қателік үшін қойылатын талаптың, шығаттын шығынның да Орасан зор екенін бала ерте жастан –ақ санасына құйып, түйсіне бастайды.

Жолда жүру ережесін білмеген жағдайда кездей соқ оқиғаларға жауапты мүшелердің бірі болып саналатынын сезінеді. Сондықтан да жол қауіпсіздігін болдырмау үшін өзінше үлесін қосуға көмектеседі. Көшеге шыққанда, ата-анасының қасында жүргенде, велосепед теуіп жүргенде, тіпті еркін ойын кезінде де жиі ұшырасатын көліктерден сақ болуға ата-ананың тәрбиешінің балаға үйретері көп болуы керек.

**Мектеп алды топтың балаларына арналған «Жол тәртібін білейік»
вариативтік компоненттің тақырыптық жоспары.**

№	Оқу қызметінің тақырыптары	Оқу қызметінің мақсаты мен мазмұны	Сағат саны
1	Абайла өрт!	Өрттің пайда болу себебі мен өршуі, өрттің салдарынан болатын қауіпті жағдайлар туралы түсінік беру. Өрттен сақтану жолдарын түсіндіру. Сақтыққа, сабырлы болуға тәрбиелеу.	1
2	Бағдаршам және біз.	Жолда жүру ережесі туралы түсінік беру. Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыруды жалғастыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету. Ұқыптылыққа, тәртіптілікке тәрбиелеу.	1
3	Сіріңке кішкентай, от үлкен.	Өрт кезіндегі қауіпсіз мінез құлық ережелерімен таныстыру. Өрт болған жерден қалай шығу керектігін үйрету. Сақтыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
4	Көлік түрлері	Қоғамдық көлік түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Қоғамдық көлік түрлерін танып атай білуге үйрету. Жүргізуші мамандығына құрметпен қарау. Ұқыптылыққа, тәртіптілікке тәрбиелеу.	1
5	Мен жаяу жүргіншімін	Бейтаныс адамдармен подъезге немесе лифтіге кіруге болмайтындығын түсіндіру. Бейтаныс адамды байқаса қандай әрекет жасауға болатындығын үйрету. Сақтыққа, сабырлы болуға тәрбиелеу.	1
6	Мен жаяу жүргіншімін	Жаяу жүргіншілер өткелінен қалай өту керектігі туралы түсініктерін кеңейту. Жаяу жүргінші және жаяу жүргіншілер өткелі сөзінің мағынасын түсіндіру. Баланың зейінін, қабылдауын жетілдіру. Жолдан өту барысында бір-біріне көмек көрсетуге көңіл, ықылас білдіруге тәрбиелеу. Сақтыққа, сабырлы болуға тәрбиелеу.	1
7	Бөтен автокөлік	Балаға бейтаныс адамның автокөлігіне отырмау керектігі, жүргізушімен сөйлеспеу	1

		керектігін түсіндіру. Егерде күштеп автокөлікке отырғызғысы келсе қандай әрекет жасауға болатындығын үйрету. Сақтыққа, сабырлы болуға тәрбиелеу.	
8	Мен және көше	Көше, жол, жаяу адам жүретін жол мен көліктер туралы түсініктерін жетілдіру. Жол тәртібін сақтай білуге үйрету. Сақтыққа, сабырлы болуға тәрбиелеу.	1
9	Су қауіп-қатер, су тасқыны	Су тасқынының кезіндегі қауіпсіз мінез құлық ережелерімен таныстыру. Су тасқынының салдарынан болатын қауіпті жағдайлар туралы түсінік беру. Жағдайдан шығудың, қорғанудың қарапайым түрлерін үйрету. Сабырлылыққа тәрбиелеу.	1
10	Жол тәртібін жадында ұста	Көшеде жүру тәртібін және көше қатынас ережелерін түсіндіру. Жолда жүру ережесін есте сақтау арқылы білгендерін пайдалана білуді тұрақты дағдыға айналдыру. Балаларды жол ережелерін бұлжытпай орындауға, сақтыққа тәрбиелеу.	1
11	Есік қоңырауы соғылды	Егер үйде үлкендер болмаса бейтаныс немесе аз танытын адамдар келіп есіктің қоңырауын соқса немесе есікті күшпен ашып кірмек болса қандай әрекет жасауға болатындығын үйрету.	1
12	Біз жолаушымыз	Автобус пен трамвайды танып ажырата білуді бекіту. Қоғамдық көлік ішінде қауіпсіздік сақтау ережесімен және жолаушылардың міндеттерімен таныстыра отырып, қоғамдық жерлерде, балабақшада, транспортта қауіпсіздік ережелерін үнемі сақтауға дағдыландыру. Сақтыққа, тәртіптілікке тәрбиелеу.	1
13	Қысқы қауіп-қатерлер	Аязды күндері мен тайғақ болған кезде қандай әрекет керектігі туралы түсінік беру. Үсік шалмау үшін не істеу керектігін үйрету.	1
14	Аялдамада	Аялдама және жаяу адамның көлікті аялдамада күтетіндігі туралы түсінік беру. Аялдама туралы мағлұмат беру. Тәртіптілікке тәрбиелеу.	1

15	Жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздік	Жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіз мінез құлық ережелерімен таныстыру. Үйде, көшеде жер сілкінісі кезінде дұрыс әрекет етуге үйрету: - қауіпсіз орын табу; -ғимараттан шығудың жолдары	1
16	Жаяу жүргіншілер жолы және өткелі	Жаяу жүргіншілер жолы және өткелі туралы түсініктерін бекіту. Балалардың ой-қиялын дамыту. Тілдерінің байланыстырып сөйлеуін жетілдіру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
17	Ауладағы ойын	Балаларды ойын кезінде болатын түрлі қауіпті жағдайлар туралы түсінік беру. Қауіпсіздік ескеруге, қауіпті жағдайлардың алдын-алуға, жағдайдан шыға білуге үйрету.	1
18	Қай жерде ойнауға болады?	Көшеде ойнауға болмайтындығын түсіндіру. Балалардың көшеде жүру ережелерін меңгеру дағдысын қалыптастыру және оны іс - жүзінде пайдалана білуін жетілдіру. Сақтыққа тәрбиелеу.	1
19	Қонжыққа топта өзін қалай ұстау керектігін үйретеміз	Топта өзін ұстау мінез-құлық ережелерімен таныстыруды жалғастыру. Топта қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Тәртіптілікке тәрбиелеу.	1
20	Біздің айналамыздағы жол белгілері	Бағдаршам сигналы туралы түсініктерін бекіту Тамақтанатын пункт пен дәрігерлік көмек көрсету пунктіннің белгісімен таныстыру. Қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.	1
21	Жер сілкінісі кезіндегі қауіп-қатер	Жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіз мінез құлық ережелерімен таныстыруды жалғастыру. Жер сілкінісінің салдарынан болатын қауіп-қатерлер туралы түсіндіру	1
22	Абайла, жол қиылысы!	Жол қиылысы туралы түсінік бере отырып, жол қиылысында болатын келеңсіз жағдайларды болдырмау жолдарымен таныстыру. Көргендерін өз сөздерімен әңгімелеп айта білу, есте сақтауын, ойын, көше қиылысы туралы ұғымын арттыру.	1
23	Саябақта	Ересек адамдарсыз жалғыз үйден алыстап	1

		кетпеу керектігін түсіндіру. Балалардың ой өрісін дамыту. Сақтыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	
24	Абайла....!	Көлік түрлері туралы түсініктерін кеңейте отырып, көшеде жүрудің қарапайым ережесін сақтауға дағдыландыру. Балалардың ой қиялын дамыту.	1
25	Ит пен мысық-біздің кішкентай достарымыз	Жануарлармен дұрыс қарым-қатынас жасау туралы түсініктерін кеңейту. Қауіпсіздік ережесін сақтауға үйрету. Ұқыптылыққа, сақтыққа тәрбиелеу.	1
26	Қауіпсіз жол	Сурет қарау арқылы бала өміріне қауіпсіз жолмен таныстыру. Жол тәртібін сақтауға үйрету. Сақтыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
27	Найзағай	Балаларға найзағай туралы түсінік беру. Найзағай жарқылы кезінде қандай әрекет жасауға болатындығын үйрету. Сақтыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу	1

	Дымбілмес балаларда қонақта	Қала көліктері, жолда жүру ережелері, бағдаршамның сигналдық белгісі, туралы білімдерін бекіту. Кейбір жол белгілерін ажырата білу іскерліктерін жетілдіру. Көшеде қауіпсіздік ережелерін тұрақты түрде қолдана білуін дамыту.	1
29	Тұрмыстық заттар бізге дос па әлде жау ма?	Өміріне қауіп төндіруі мүмкін кейбір тұрмыстық заттар туралы түсінік беруді жалғастыру. Тұрмыста қолданатын кейбір заттарды ересек адамдардың қатысуымен ғана қолдану керектігін түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін сақтау туралы білімдерін кеңейту.«Өмірге қауіпті» сөзінің мағынасын түсіндіру.	1
30	Жол белгілері әлемінде	Жол белгілері туралы алған білімдерін пысықтау. Жол белгілерін айыра білу дағдысын қалыптастыру, алған білімдерін іс жүзінде қолдануға қызығушылықтарын тудыру. Балаларды мейірімділікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.	1
31	Жәндіктер	Әртүрлі жәндіктерді бақылау кезінде қауіпсіздік ережесін сақтауға үйрету. Балалардың ақыл ойын дамыту. Тәртіптілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
32	Жол белгілері сөйлейді	Сілтеуші және тыйым салушы жол белгілерімен таныстыру. Суретіне қарап және жол бойында тұрған белгілерді танып айтып беру дағдыларын жетілдіру. Тәртіптілікке тәрбиелеу.	1
33	Жеуге жарамды, жарамсыз	Жеуге жарамды және улы жемістер, саңырауқұлақ түрлерімен таныстыру. Оларды түріне қарап ажырата білуге үйрету.	1
34	Егер де көше қиылысында бағдаршам болмаса....	Бағдаршамы жоқ көше қиылыстарынан қалай өту керектігі туралы түсінік беру. Жаяу жүргіншілердің қауіпсіздік сақтау ережесі туралы түсініктерін бекіту. Үнемі жол белгілеріне көңіл бөлу керектігін дағдыға айналдыру. Тәртіптілікке тәрбиелеу.	1
35	Электрозаттар	Тұрмыста қолданатын кейбір электрозаттарды ересек адамдардың қатысуымен ғана қолдану керектігін түсіндіру. Қосылулы тұрған электр құралына тиіспеу және электр вилкасын су қолымен ұстамау, даладағы трансформаторлық үйшіктерге жақындау керектігін айту. Қауіпсіздік ережесін сақтау туралы білімдерін кеңейту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
36	Бәрін білгім келеді	Қала және ауыл көшелерінде қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін бекіту. Көшеде көліктер қозғалысын реттеуші туралы түсініктерін нақтылау.	1

		Жол белгілері туралы білімдерін бекіту.	
		Сағат саны	36

Күні: 6.09.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Жол тәртібін білейік»

Тақырыбы: «Абайла, жол!»

Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыту. Ойын арқылы сабақтың мазмұнына қарай балалардың жолда жүру ережесі туралы алған білімдерін тиянақтау. Жол белгілерін айыра білу дағдысын қалыптастыру, есте сақтауға дағдыландыру.

Оқу қызметінің барысы:

Тәрбиеші: Дұрыс Қазақстанның қандай қаласында? Қаламыз қалай аталады?

- Ақтөбе, Хромтау

Тәрбиеші: Ал енді сендер осы Хромтаудың барлық көшелерін аралап көрдіңдер ме?

Балалар: Жоқ

Тәрбиеші: Онда біз былай жасайық, қазір бәріміз автоуаққа отырып қала көшелеріне саяхат жасайық. Бағдаршамен жол белгілерімен танысайық. Алдымен автоуаққа отырмай тұрып, көлікке отыру ережесін қайталайық.

Балалар: Автоуаққа артқы есіктен кіріп, алдыңғы есіктен шығу керек.

- Жасы үлкен немесе кішкентай бөпелі адамдарға орын береміз.

- Автоуақта айқайлап сөйлеуге, қатты күлуге болмайды, ол әдепсіздікке жатады.

- Ашық есік, терезеден басын шығарып қолын созуға болмайды.

Тәрбиеші:

1. Жолдың машина жүретін бөлігінде ойнауға болмайды. Жаяу жүргіншілерге арналған жолдан өт.

2. Егер жолдан өтуге үлгермесең, орталық сызықта немесе «қауіпсіздік аялдмасында» тоқта да, бағдаршамның жасыл түсінің жануын күт..

3. Жолдан өтерде солға қара, ал бөлгіш жолақтан кейін оқға қара .

4. Жолдан бағдаршамның тек жасыл түсі жанғанда ғана өт.

5. Егер жаяу жүргіншілерге арналған жол болмаса, жаяу жүргінші жолдың шетімен қозғалысқа қарсы жүруге тиісті.

6. Келе жатқан машина алдынан жолды кесе жүгірме.

Рефлексиялық -түзетушілік

Тәрбиеші, Енді біздер көшеге шыққанда қауіп–қатерге ұрынбай, барлық жол ережесі бойынша жүріп тұрамыз.

Күтілетін нәтиже

Нені үйренеді: машина түрлерінің айырмашылығын айтады. Жолда жүру ережесін үйренеді.

Қандай түсініктері игерді: көліктердің қолданылуы және адам өміріндегі тигізетін пайдасы жайлы түсінік болуы керек.

Менгерген дағдылары мен іскерліктері: жұмбақ шешіп, тақпақ айтады, сұраққа жауап беріп, көліктерді топтастыра алады.

Күні: 13.09.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: « Жол тәртібін білейік»

Тақырыбы:Бағдаршам және біз.

Ойын сауықтың мақсаты: Ойынды тәрбие құралы ретінде пайдаланып, бала сезімін кеңейтіп, тілін ұштастырып, жол ережесін жасына сай меңгерту. Көшеде жүру ережесін білу арқылы жолда жүру мәдениетін үйретіп, сақтыққа тәрбиелеу.

Оқу қызметінің барысы:

Тәрбиеші: Ойын сауығымызды жұмбақпен бастайық

Аяғы бар жүрмейді,

Аузы жоқ сөйлейді. (Бағдаршам)

Қонаққа бағдаршам келді. Қатты қағаздан жасалған бағдаршамның үлкен суреті.

Бағдаршамның қызметі қандай?

- Жол тәртібін реттеуші.

- Бағдаршам сендерге хат әкеліпті, ашып көрейік, не жазыпты?

Ойын бағдаршам құрайық.

Қызыл көзін ашқанда,

Сынық сүйем баспа алға.

Сары көзін ашқанда,

Қарап қалма аспанға.

Жасыл көзін ашқанда,

Өте бергін жасқанба.

ТәрбиешіБалалар жүргіншілер мынадай сұрақ қойыпты.

- Жүргіншілер қай жолмен жүру керек?

- Жиек жолмен жүреміз.

- Жиек жол болмағанда ше?

- Жер асты жолымен.

- Жолдың қай жағымен жүру керек?

- Оң қол жақпен жүреміз.

Рефлексиялық -түзетушілік

Тәрбиеші, Енді біздер көшеге шыққанда қауіп–қатерге ұрынбай, барлық жол ережесі бойынша жүріп тұрамыз. Солай ма, балалар

Балаларды мақтау, мадақтау.

Күтілетін нәтиже

Нені үйренеді: машина түрлерінің айырмашылығын айтады. Жолда жүру ережесін үйренеді.

Қандай түсініктері игерді: көліктердің қолданылуы және адам өміріндегі тигізетін пайдасы жайлы түсінік болуы керек.

Менгерген дағдылары мен іскерліктері: жұмбақ шешіп, тақпақ айтады, сұраққа жауап беріп, көліктерді топтастыра алады.

Күні: 20.09.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: « Жол тәртібін білейік»

Тақырыбы: Сіріңке кішкентай, от үлкен.

Қатысушылар: 2 бала, 1 бала – сіріңке рөлінде, 1 бала от рөлінде.

Мақсаты: оқушыларға өрт қауіпсіздігі ережесін жетік білудің маңызын ұғындыру. Өрт қауіпсіздігі ережесін қатаң сақтау арқасында түрлі жазатайым апаттың алдын алуға болатыны туралы түсінік беру.

Ұқыптылыққа, зеріктікке және адамгершілікке тәрбиелеу.

Керекті заттар: Сіріңке қорапшасы, жалын суреті салынған от бейнесі, өрт сөндіруші машинасының макеті, нөл және бір саны жазылған бас киім, от бейнеленген бас киім.

Оқу қызметінің барысы:

Өткен аптада, саябақта келе жатып, мен бір сұмдық жағдай болғанын көрдім.

Кәдімгі сіріңке, бірақ өте зұлым от жағып, балаларды алдады.

Тәрбиеші:

Саябақта балалар серуендеп жүріп,

Сіріңкені жолықтырды.

Ол балалардан онымен достасуын сұрады.

Тәрбиеші: Балалар – чирк! Міне, мұнда жалын, жамандыққа шалынды.

Маңайдың бәріне жайылды, содан соң айналаның бәріне! Құдай-ау!

Тәрбиеші: 1-бала айқайлап жіберді.

1-бала: Қайтеміз, біз не істеуіміз керек? Жалын қазір бәріне жайылады! Үйге қарай қашайық!

2-бала: Жоқ, біздің қашуымызға болмайды, қаланы қорғауымыз керек! Біз не істедік?

Тәрбиеші: От лаулап жанып барады. Сіріңке болса билеп жүр! Бірақ, балалар саябағындағы, балаларға арналған үйшік жанып кетті!

Тәрбиеші: От қызыл-жасыл-көк, былай қарағанда өте әдемі! Бірақ одан ыстық тарайды, бар болғаны 5 минут жанды.

Рефлексиялық -түзетушілік

Тәрбиеші, Енді біздер көшеге шыққанда қауіп–қатерге ұрынбай, барлық жол ережесі бойынша жүріп тұрамыз. Солай ма, балалар

Балаларды мақтау, мадақтау.

Күтілетін нәтиже

Нені үйренеді: машина түрлерінің айырмашылығын айтады. Жолда жүру ережесін үйренеді.

Қандай түсініктері игерді: көліктердің қолданылуы және адам өміріндегі тигізетін пайдасы жайлы түсінік болуы керек.

Менгерген дағдылары мен іскерліктері: жұмбақ шешіп, тақпақ айтады, сұраққа жауап беріп, көліктерді топтастыра алады.

Күні: 27.09.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: « Жол тәртібін білейік»

Тақырыбы: Көлік түрлері

Мақсаты: балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытудың қатар тілін, сөз қорын жетілдіру. Жан - жақты білімдерін кеңейту.

Өзін - өзі көпшілік ортада ұстауға, әдепті, әдемі болуға үйрету. Достық пен сыйластыққа тәрбиелеу.

Оқу қызметінің барысы:

Достық - дружба, көлік - транспорт, көлік түрлері - виды транспорта, жүргізуші - водитель, бағдаршам - светофор.

Дәлелі - себеп кезеңі Ұйымдастыру кезеңі. Ұйымдастыру рәсімі:

– Балалар, сендер күннен әдемі, ақылды болып өсіп келесіңдер. Сендер барлық жақсылықты бойларыңа сіңіріп Қазақстанның үлгілі азаматы болып өсулерің керек, солай ма? Балалар хормен, қимыл, іс - әрекет арқылы көрсетеді.

Ізденіс - ұйымдастыру кезеңі – Балалар, қазір сендермен көлік деген сөздің төңірегінде әңгіме жүргіземіз, сұрақтарға жауап беріп, жұмбақтар шешеміз.

– Көлік дегеніміз не? Ол адамға неге қажет?

– Сендер балабақшаға қандай көлік түрімен келесіңдер?

– Енді, мен сендерді көліктің шығу тарихымен таныстырайын. Біздің қазақ халқы ат, түйе мінген, үндістер пілді, кейбір шығыс халықтары есек, бұқа - сиырларды көлік қылған. Суық аймақтарда иттерді шанаға жеккен, бұғыларды көлік қылған.

– Қазіргі таңда бұл көліктердің маңызы төмендеді.

Қазір көліктің түрлері өте көп, оларды бірнеше топқа бөлуге болады: жерде жүретін, ауада ұшатын, суда жүзетін және жер асты көліктер. Сендер оларды атап көріңдер. Жұмбақ:

Дәрігер, медбике, зембилді көруге болады. («Жедел жәрдем» тақпағы)

- Себебі жаны қиналған науқас адамды ауруханаға жеткізуі керек.

Рефлексиялық - түзетушілік

Тәрбиеші, Енді біздер көшеге шыққанда қауіп-қатерге ұрынбай, барлық жол ережесі бойынша жүріп тұрамыз. Солай ма, балалар

Балаларды мақтау, мадақтау.

Күтілетін нәтиже

Нені үйренеді: машина түрлерінің айырмашылығын айтады. Жолда жүру ережесін үйренеді.

Қандай түсініктері игерді: көліктердің қолданылуы және адам өміріндегі тигізетін пайдасы жайлы түсінік болуы керек.

Менгерген дағдылары мен іскерліктері: жұмбақ шешіп, тақпақ айтады, сұраққа жауап беріп, көліктерді топтастыра алады.

Күні:04.10.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: « Жол тәртібін білейік»

Тақырыбы: Мен жаяу жүргіншімін

Мақсаты: Шараға ата – аналармен маи қызметкерлерін қатыстыру.

Балалардың жолда жүру туралы білімдерін тиянақтау. Жол белгілерін айыра білу дағдыларын қалыптастыру. Іс жүзінде қолдануға қызығушылықтарын тудыру. Балаларды мейірімділікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.

Оқу қызметінің барысы:

Тәрбиеші: Балалар бүгін бізде ерекше күн болып тұр, себебі бізге МАИ қызметкері инспектор ағай қонаққа келіпті. Балалар, инспектор ағай сіздердің жол ережесін қаншалықты білетіндеріңді тексергісі келеді екен.

Ол үшін балалар, біз көшеге саяхатқа шығамыз.

Ендеше алдымен жол ережелерін қайталап алайықшы.

Ал енді келесі, жұмбақтың шешуін дұрыс тапсаңдар, сол көлікпен саяхатқа шығамыз.

Бұл тұлпар су ішпейді. жем жемейді,

Ескеріп ешбір адам емдемейді,

Жүк емес жануарға жүз адам да,

Киіп ап төрт дөңгелек дөңгелейді.(Автобус)

Балалар автобустың артқы есігінен мінеді.

Тәрбиеші:- Балалар, жүргізуші неге автобусты тоқтатты екен?

Балалар:- Себебі бағдаршамның жасыл түсі жанып тұр.

Тәрбиеші:- Дұрыс айтасындар, бағдаршамның жасыл түсі жанғанда барлық көліктер тоқтап, жаяу жүргіншілерге жол береді.

Автобус қала көшесінің аялдамасына келіп тоқтайды, балалар автобустың алдыңғы есігінен түседі.

Тәрбиеші:- Балалар, көшеде өте сақ болып жүруіміз керек. Осы кезде велосипед айдаған бала жолды кесіп өтпекші болады, оны жол тәртібін реттеуші ағай ысқырып тоқтатады.

Инспектор:- Сенің мұның не? Жол тәртібін неге бұзасың? Қане велосипедіңді маған бер.

Рефлексиялық -түзетушілік

Тәрбиеші, Енді біздер көшеге шыққанда қауіп–қатерге ұрынбай, барлық жол ережесі бойынша жүріп тұрамыз.

Күтілетін нәтиже

Нені үйренеді: машина түрлерінің айырмашылығын айтады. Жолда жүру ережесін үйренеді.

Қандай түсініктері игерді: көліктердің қолданылуы және адам өміріндегі тигізетін пайдасы жайлы түсінік болуы керек.

Менгерген дағдылары мен іскерліктері: жұмбақ шешіп, тақпақ айтады, сұраққа жауап беріп, көліктерді топтастыра алады.

Күні:11.10.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: « Жол тәртібін білейік»

Тақырыбы: Мен жаяу жүргіншімін

Мақсаты:

Көшедегі қауіпсіздік ережелері туралы алған білімдерін пысықтау, балаларды өмірлік қауіпсіздік ережелеріне үйретуді жалғастыру.

Оқу қызметінің барысы:

Шаттық шеңбері:

-Көліктер қайда жүреді? - Жолда.

-Көшедегі жолдар қандай болады екен? -Ұзын, қысқа, тар-кең

-Көшеде келе жатқан адамдарды кімдер дейді? -Жаяу жүргіншілер.

Қазір қай мезгіл? -Күз мезгілі.

Күздің қандай аттарын білесіңдер? - Қоңыр күз, маужыраған күз, алтын күз, берекелі күз, жемісті күз, салқын күз, қара күз.

Ендеше теледидарға қарайық. **Слайд** көрсетіледі

Тәрбиеші:

Балалар, біз бүгін сендермен «Қоршаған ортамен таныстыру» оқу іс-әрекетінде көше қауіпсіздігі жайында айтамыз.

Айтыңдаршы, балалар!

Жол қозғалыс ережелерінің мақсаты не?

-Бізді қауіптен қорғау.

Слайд: «Сақта жолдың тәртібін» (жәй әуеннің дауысы естіліп тұрады).

Тәрбиеші:

Көшеге шыққаннан кейін, айналамызға абайлап, қарап жүрмесек

болмайды. Себебі бағдаршамға бағынып

жүру тәртібін қатаң сақтаған адам өз өмірінің қауіпсіздігін де қамтамасыз ете алады.

Сұрақ- жауап алу.

Үлкен жолда доп ойнауға, велосипедпен көшеде

жүруге бола ма? Балалардың жауаптары.

Рефлексиялық -түзетушілік

Тәрбиеші, Енді біздер көшеге шыққанда қауіп–қатерге ұрынбай, барлық жол ережесі бойынша жүріп тұрамыз. Солай ма, балалар

Балаларды мақтау, мадақтау.

Күтілетін нәтиже

Нені үйренеді: машина түрлерінің айырмашылығын айтады. Жолда жүру ережесін үйренеді.

Қандай түсініктері игерді: көліктердің қолданылуы және адам өміріндегі тигізетін пайдасы жайлы түсінік болуы керек.

Менгерген дағдылары мен іскерліктері: жұмбақ шешіп, тақпақ айтады, сұраққа жауап беріп, көліктерді топтастыра алады.

Күні: 18.10.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: « Жол тәртібін білейік»

Тақырыбы: Бөтен автокөлік

Мақсаты: Көлік түрлері туралы білім беру.

Су, ауа жер көліктер түрлерімен таныстыру, жолда жүру ережесі туралы білімдерін кеңейту.

Оқу қызметінің барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

- Балалар, бүгін бізге көптеген қонақтар келіп отыр. Көтеріңкі көңіл күймен қонақтармен «Шаттық шеңберге» тұрып амандасып алайық
- Жарайсындар балалар, орындарымызға отырамыз!
- Айтыңыздаршы балалар, бүгін аптаның 4-ші күні. Ол қалай аталады?
- Қазір жылдың қай мезгілі?
- Күз мезгілінде қанша ай бар? Олар қандай айлар?
- Күз мезгілінде қандай өзгерістер болады?
- Күзді «Жомарт күз» деп неге атаймыз?
- Өте жақсы, жарайсындар! Балалар күз мезгілін суреттейтін қандай тақпақтарды білеміз? Балалармен амандасып топқа жол полиция қызметкері кіріп келеді. Балалармен көңілді амандасып, өзін таныстырады
- Балалар, сендердің бүгінгі тақырыптарың көлік түрлері болғандықтан мен сендерге жолда жүру ережелері жайында түсінік беруге келдім.

Бағдаршам туралы, бағдаршамның көздерін түсіндіреді, жолда жүру тәртібін үйретеді.

- Балалар, сендерге бағдаршам ұнады ма және түсіндіңдер ме? Олай болса маған кім түсіндіріп береді?

Жандос: өз бағытымыздағы қызыл түсте тоқтаймыз, сары түсте жүруге дайындалып тұрамыз, ал жасыл түсте жүреміз.

- Өте жақсы балалар, сендердің бағдаршам туралы түсінгендеріңізге өте қуаныштымын. Қош сау болыңдар, жолда аман – есен жүріңдер

Рефлексиялық -түзетушілік

Тәрбиеші, Енді біздер көшеге шыққанда қауіп–қатерге ұрынбай, барлық жол ережесі бойынша жүріп тұрамыз. Солай ма, балалар

Балаларды мақтау, мадақтау.

Күтілетін нәтиже

Нені үйренеді: машина түрлерінің айырмашылығын айтады. Жолда жүру ережесін үйренеді.

Қандай түсініктері игерді: көліктердің қолданылуы және адам өміріндегі тигізетін пайдасы жайлы түсінік болуы керек.

Менгерген дағдылары мен іскерліктері: жұмбақ шешіп, тақпақ айтады, сұраққа жауап беріп, көліктерді топтастыра алады.

Күні:25.10.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: « Жол тәртібін білейік»

Тақырыбы: Мен және көше

Мақсаты: Көшеде жүру тәртібін және көше қатынас ережелерін қайталау.

Көрнекілігі: Көшеде жүру ережесіне байланысты баспадан шыққан таблица.

Қиылған жіңішке ұзын тілім қағаздарды еденге жапсырып, үлкен көше, жиекжол, екі көшенің қиылысқан кескіні түсіріледі.

Оқу қызметінің барысы:

Тәрбиші түсіндірмесі: Бағдаршам - өмірімізді жазымнан сақтандыратын көмекшіміз. Оның сырын біліп, тілін алу баршамызға керек.

Біздің ауылымызда, сол сияқты біздің еліміздің басқа да қала, ауылдарында бәріне ортақ көше қатынас ережесі енгізілген. Бұл ережені оқушылар да, үлкендер де, яғни барлық көлік жүргізетін жүргізушілер де бұлжытпай орындауы керек. Балалар, сендер көшеде жүру ережесін білесіңдер ме екен, көрейік.

Мынандай сұрақтарға жауап беріңдерші:

1. Көшеде жүру ережесін білу бізге не үшін керек?

- Әр оқушы көшеде жүру тәртібін өте жақсы білуі керек. Көшеде жүре білу машина астына түсуден, апаттан сақтайды.

2. Жиекжол дегеніміз не?

- Адамдар жаяу жүретін көше жиегіндегі тар жол.

3. Жаяу адамға қай жермен жүруге рұқсат етілмейді?

- Көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді.

Рефлексиялық -түзетушілік

Тәрбиеші, Енді біздер көшеге шыққанда қауіп-қатерге ұрынбай, барлық жол ережесі бойынша жүріп тұрамыз. Солай ма, балалар

Балаларды мақтау, мадақтау.

Күтілетін нәтиже

Нені үйренеді: машина түрлерінің айырмашылығын айтады. Жолда жүру ережесін үйренеді.

Қандай түсініктері игерді: көліктердің қолданылуы және адам өміріндегі тигізетін пайдасы жайлы түсінік болуы керек.

Менгерген дағдылары мен іскерліктері: жұмбақ шешіп, тақпақ айтады, сұраққа жауап беріп, көліктерді топтастыра алады.

Күні:01.11.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: « Жол тәртібін білейік»

Тақырыбы:Су қауіп-қатер,су тасқыны

Мақсаты:Су тасқыны туралы түсінік беру, одан қорғану, көмек беру жолдарын меңгерту;**Шығармашылық жұмыстар арқылы оқушының қызығушылығын, ой-өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту;**

Оқу қызметінің барысы:

СУ ТАСҚЫНЫ - бұл қардың еруі, жауын-шашын, суды желмен айдаған және кептелу кезінде өзендердегі, көлдер мен теңіздердегі су деңгейінің көтерілуі нәтижесінде жерді айтарлықтай су басу. Өзендер арнасына суды желмен айдау арқылы болған су тасқыны ерекше түрге жатады. Су тасқыны көпірлер, жолдар, ғимараттар, құрылымдардың қирауына, елеулі материалдық шығынға, ал судың көп жиналуы (4 м/с астам) және су үлкен биіктікке көтерілсе (2 м көп) адамдар мен жануарлардың опат болуына әкеліп соқтырады. Қираудың негізгі себептері ғимараттар мен құрылымдарға су массасының, жоғары жылдамдықта жүзіп жүрген мұздардың, әртүрлі сынықтар мен жүзіп жүрген заттардың, т.б гидравликалық соққысы болуы мүмкін. Су тасқыны кенеттен пайда болып және бірнеше сағаттан 2-3 аптаға дейін созылуы мүмкін.

Су тасқынынан кейін қалай әрекет ету керек

Ғимаратқа кірер алдында қандай-да болмаса бір заттың құлау немесе қопарылу қаупі бар ма жоқ па тексеріңіз. Жайды желдетіңіз (жиналып қалған газдан тазарту үшін). Жайларды толық желдетпейінше және газбен қамту жүйесінің жарамдығын тексермейінше электрді қоспаңыз, ашық отты пайдаланбаңыз және сіріңкені жақпаңыз. Электр өткізгіштердің, газбен қамту, су және канализация құбырларының жұмысқа жарамдылығын тексеріңіз. Олардың мамандардың көмегімен тексеріп жарамдылығына көз жеткізгенбейінше қолданбаңыз. Жайларды кептіру үшін есіктер мен терезелерді ашыңыз, едендегі және қабырғалардағы кірді жуып, подвалдардағы суды шығарыңыз.

Рефлексиялық –түзетушілікТәрбиеші, Енді біздер көшеге шыққанда қауіп-қатерге ұрынбай, барлық жол ережесі бойынша жүріп тұрамыз. Солай ма, балалар Балаларды мақтау, мадақтау.

Күтілетін нәтиже

Нені үйренеді: машина түрлерінің айырмашылығын айтады. Жолда жүру ережесін үйренеді.

Қандай түсініктері игерді: көліктердің қолданылуы және адам өміріндегі тигізетін пайдасы жайлы түсінік болуы керек.

Менгерген дағдылары мен іскерліктері: жұмбақ шешіп, тақпақ айтады, сұраққа жауап беріп, көліктерді топтастыра алады.

Күні:08.11.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: « Жол тәртібін білейік»

Тақырыбы: Жол тәртібін жадында ұста

Мақсаты:Су тасқыны туралы түсінік беру, одан қорғану, көмек беру жолдарын меңгерту;Шығармашылық жұмыстар арқылы оқушының қызығушылығын, ой-өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту;

Оқу қызметінің барысы:

Көрініс: «Үш көзді дәумен кездесу».

Көшеде арлы- берлі жүрген машиналар, ортада бағдаршам.

Ортаға жүгіріп бала шығады.

Бала: Қап, мына көшеден қалай өтіп кетсем екен а, жолда машиналар көп екен. «Тәуекел» көшені кесіп жүгіріп өтіп кетейін.

Бағдаршам: — Әй, тоқта! Қайда барасың?

Бала:- Сен кімсің?

Бағдаршам: — Мен бағдаршаммын, сен көше тәртібін бұздың.

Бала:- Қалай? Қашан?

Бағдаршам:- Сен қызыл көзім жанып тұрғанда көшені кесіп өтпек болдың ғой,сенің бұның дұрыс емес.

Бала:- Енді қалай өтуім керек еді.

Бағдаршам:- Сен мені жақсылап тыңдап айтқандарымды ұғып ал. Мына менің қызыл көзім жанғанда жолға қарай жүруге болмайды, ал сары көзім жанғанда жолдан өтуге дайындал- деген белгі берем, ал жасыл көзім жанғанда жолдан өтуге рұқсат, өте бер,- деген белгіні білдіремін.

Тәрбиеші: Ал қанекей, үйренейік жолда жүру тәртібін,

Ережені жақсы білер, жатқа білер бар кімің.

«Жол тәртібін жадында ұста» атты мына сайыстың.

1) «**Мына жол белгілері нені білдіреді?**»— деген сұраққа жауап беру.

Ата- аналарға жол белгілерінің суретін көрсете отырып, оның қандай белгі екенін, қандай мақсатта айтылғанын атап беруін ұсыну.

Рефлексиялық -түзетушілік

Тәрбиеші, Енді біздер көшеге шыққанда қауіп–қатерге ұрынбай, барлық жол ережесі бойынша жүріп тұрамыз.

Күтілетін нәтиже

Нені үйренеді: машина түрлерінің айырмашылығын айтады. Жолда жүру ережесін үйренеді.

Қандай түсініктері игерді: көліктердің қолданылуы және адам өміріндегі тигізетін пайдасы жайлы түсінік болуы керек.

Менгерген дағдылары мен іскерліктері: жұмбақ шешіп, тақпақ айтады, сұраққа жауап беріп, көліктерді топтастыра алады.

Күні:15.11.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: « Жол тәртібін білейік»

Тақырыбы: «Есік қоңырауы соғылды»

Мақсаты: балаларға өмірлеріне қауіпті үшкір. өткір заттардан, электр приборларынан, тұрмыстық химиялық заттардан, дәрілік заттардан сақтану жолдары туралы мағлұмат беру.

Көрнекілігі: дәрілік заттар, кір жуатын заттар, ұшы өткір заттар суреттері

Тәрбиеші: Әр адам өз отбасын түрлі қауіптен сақтауға тиіс. Қауіптің түрлері көп.

Мысалы: газдан сақтан. Ол тез тұтанғыш, жарылғыш зат. Тіпті түссіз, көзге көрінбейді. Газ өте улы. Сондықтан газдан аулақ бол!

Тілін алып кішінің де кәрінің,

Көңілінен шығып жүрмін бәрінің.

Ата - ананың айтқан сөзін тыңдауды,

Әдептілік белгісі деп таныдым.

Міне балалар, ата - аналардың көмегімен ғана газды пайдалануға болады.

Слайдтар көрсетіледі. Балалар үйде тұрмыстық заттарды аналарымыз қолданады. Тұрмыстық заттарды атайықшы. Нелер жатады? Ыдыс, кір жуатын нтақтар, жуынатын сабындарымыз бен сусабындар т. б. Слайд көрсетіледі. Балалар тіпті біздің ауырған кезде ішетін дәрілеріміз шектен тыс қолдансақ, ол өте қауіпті болады. Балалар денсаулық туралы тақпақтар айтады.

«Сау дене, азат ақыл, адал көңіл,

Үшеуімен болады бақытты өмір»- демекші сергіту жаттығуларын жасасақ.

Сағаттың тіліндей

Иіліп оңға бір,

Сағаттың тіліндей

Иіліп солға бір,

Сағатқа қарап ап

Жаттығу оңай - ақ.

Рефлексиялық -түзетушілік

Тәрбиеші, Енді біздер көшеге шыққанда қауіп–қатерге ұрынбай, барлық жол ережесі бойынша жүріп тұрамыз. Солай ма, балалар

Балаларды мақтау, мадақтау.

Күтілетін нәтиже

Нені үйренеді: машина түрлерінің айырмашылығын айтады. Жолда жүру ережесін үйренеді.

Қандай түсініктері игерді: көліктердің қолданылуы және адам өміріндегі тигізетін пайдасы жайлы түсінік болуы керек.

Менгерген дағдылары мен іскерліктері: жұмбақ шешіп, тақпақ айтады, сұраққа жауап беріп, көліктерді топтастыра алады.

Күні: 22.11.2021 ж

